EGEMEN QAZAQSTAN

1919 жылдың 17 желтоқсанынан шыға бастады | 18 ҚАРАША 2026 ЖЫЛ, СӘРСЕНБІ №219 (31450) | egemen.kz

Қазақ тілі ғылым мен инновация тіліне айналуға тиіс



Суретті түсірген – Ерлан ОМАР, «EQ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының X құрылтайында берген тапсырмаларын жүзеге асыру мақсатында Вице-Президент Ерлан Қарин кәсіби мамандармен тіл нормаларын жетілдіру мәселесін талқылады.

Ескендір ЗҰЛҚАРНАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Жиынға Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясының академиктері, көрнекті тілтанушы ғалымдар, сала мамандары, Құрылтай депутаттары, Үкімет пен Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері, бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары және зиялы қауым өкілдері қатысты. Кездесу барысында осы саладағы жұмысты ұйымдастыру және үйлестіру, ұсыныстар мен пікірлерді саралап, ережелерді бекіту мәселелері қаралды.

– Президент «Қазақ тілі» қоғамының жуырда өткен құрылтайында қазақ тілінің емлесі мен ережесін жүйелеу, сөздіктерді жаңарту, қолданыстағы сөздер мен ұғымдарды біріздендіру, сөздік қорымызды цифрлық форматқа көшіру секілді маңызды мәселелерге назар аударған болатын. Бұл іргелі бастама ел ішінде кең қолдау тапты. Соның негізінде отандық ғалымдар мен сала мамандары ұлттық ауқымдағы үлкен жобаға кіріседі. Оларға маңызды тарихи миссия жүктеліп отыр, – деді Ерлан Қарин.

Вице-Президенттің айтуынша, аталған қадамдар қазақ тілінің бүгінгі қолданысын реттеп қана қоймай, оның болашақтағы дамуына берік негіз қалайды.

– Ғалымдар мен сарапшылардың алдында тұрған басты міндет – қазақ тілінің нормативтік негіздерін бір жүйеге келтіріп, оның келешекте қарыштап дамуын қамтамасыз ететін жаңа ғылыми, ұйымдастырушылық және технологиялық инфрақұрылым қалыптастыру. Бұл қадам қазақ тілін одан әрі жетілдіруге оң ықпал етеді. Сондықтан бұл іспен, ең алдымен, ғалымдар мен кәсіби мамандар айналысуы керек. Сәкен Сейфуллиннің «Қазақ тілі кеңсе тіліне айналмай іс оңбайды» деген кең таралған сөзіне енді басқа пайым тұрғысынан қарау керек. Яғни қазақ тілі ғылым мен инновация тіліне айналмай, ісіміз ілгерілемейді, – деді Ерлан Қарин.

Жиында тіл жанашырлары мен мамандары осындай тарихи маңызы бар бастамамен айналысуға мүмкіндік беріп, сенім артқан Мемлекет басшысына алғыс айтты.

Жалпы, жоба аясында нормалар мен ережелерге арналған 6 анықтамалықты, 19 негізгі сөздікті, соның ішінде орфографиялық, орфоэпиялық, түсіндірме, грамматикалық, этимологиялық, терминологиялық сөздіктерді әзірлеу жоспарланып отыр. Одан бөлек, 9 академиялық аударма сөздігі дайындалады. Осы еңбектердің барлығы «Қазақ тілінің әмбебап сөздігі» ұлттық цифрлық платформасына жинақталып, баршаға қолжетімді болады.

ЖОЛДАУ ЖҮГІ

Бизнес еркіндігі – тұрақты өсім тірегі

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында микро және шағын бизнесті тексеруге келесі жылдан бастап үш жылдық мораторий енгізуді ұсынды. Бұл бастама кәсіпкер қауымды артық әуре-сарсаңнан арылтып, мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдіруге жол ашпақ.

Дәулет ЖАДЫРАСЫН,
«Egemen Qazaqstan»

Мораторийдің мәні

Мораторийдің маңызын түсіну үшін кәсіпкерлерге қолданылып жүрген әкімшілік жазалардың сипатына назар аударған жөн. Биылғы алғашқы жартыжылдықта жеке кәсіпкерлер жасаған заңбұзушылық саны 34 пайыз қысқарған. Соған қарамастан салынған айыппұлдың жалпы сомасы 11 пайызға жуық өсті. Бір қарағанда кереғар көрінетін бұл жағдайдың өзіндік себебі бар.

Qazaq Expert Club сарапшысы, қаржыгер Венера Жаналинаның айтуынша, айыппұл көлемінің өсуіне әсер еткен негізгі жағдайлардың бірі – айлық есептік көрсеткіштің өзгеруі. Былтыр 3 932 теңге болған АЕК биыл 4 325 теңгеге жетті. Яғни шамамен 10 пайыз артты. Мәселен, 10 АЕК мөлшеріндегі айыппұл былтыр 39 320 теңге болса, биыл 43 250 теңгені құрайды. Демек, заңда белгіленген жаза өзгермесе де, оның ақшалай мөлшері ұлғайған.

3 >



Коллажды жасаған – Зәуреш СМАҒҰЛ, «EQ»

ЕРКІН ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ

Озық технология ойлап тапқан

Алматыдағы Шоқан Уәлиханов атындағы мектептің 10-сынып оқушысы Алан Баймұхан 16 жасында үш бірдей технологиялық жобаны қолға алып, әзірлеушілер командасын басқарып жүр.

Арман ОКТЯБРЬ,
«Egemen Qazaqstan»

Бір жылдың ішінде мектептегі стартап байқауынан республикалық форумның жүлдесіне дейін жеткен жас зияткер өз идеяларын тәжірибеде жүзеге асырып, мемлекеттік деңгейдегі жобаларға да араласа бастаған.

Аланның технология әлеміне алғашқы қадамы былтыр Shoqan Startup байқауынан бастау алған. Талапты жеткіншек жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін Takhet+ жобасымен үшінші орын иеленіп, 1 миллион теңгені қанжығасына байлаған. Оқушылардың бизнес-идеяларын нақты өнімге айналдыруға бағытталған инкубациялық бағдарлама жас талаптың өз жобасын дамытуына жол ашыпты.

5 >

РЕЙТИНГ

Зейнетақы жүйесіне берілген жаһандық баға

Қазақстан жаһандық зейнетақы индексінде 55 мемлекеттің арасында 29-орынға ие болды. Marsh CFA Institute Global Pension Index халықаралық зерттеуінде еліміздің зейнетақы жүйесі 64,8 балл жинап, АҚШ, Қытай, Жапония, Италия, Оңтүстік Корея және Түркиядан жоғары көрсеткішке қол жеткізді. Әсіресе жүйенің ұзақмерзімді қаржылық тұрақтылығы жоғары бағаланды.

Сәндібек АСАНӘЛІ,
«Egemen Qazaqstan»

Халықтың қартаюы мен өмір сүру ұзақтығының артуы әлем елдерінің зейнетақы жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр. Бүгінде мемлекеттер үшін зейнеткерлерді лайықты табыспен қамтамасыз ету ғана емес, жүйенің келер ұрпақ үшін де қаржылық тұрақтылығын сақтау маңызды міндетке айналды.

Осы тұрғыдан алғанда, жаһандық зейнетақы индексінің нәтижелері назар аударуға тұрарлық. Халықаралық зерттеуде әр елдің зейнетақы жүйесі үш негізгі өлшем бойынша бағаланған. Біріншісі – зейнетақы төлемдерінің азаматтардың күнделікті қажеттіліктерін өтеуге жеткіліктілігі. Екіншісі – жүйенің ұзақмерзімді қаржылық тұрақтылығы. Үшіншісі – зейнетақы қаражатын басқарудың сенімділігі мен ашықтығы. Бұл көрсеткіштер зейнетақы жүйесінің бүгінгі жай-күйін ғана емес, болашақтағы мүмкіндіктерін де бағалауға жол ашады.

Рейтингтің алғашқы ондығына Еуропаның алты мемлекеті енген. Көш басында 85,8 балл жинаған Нидерланд тұр. Одан кейінгі орындарға Дания мен Исландия жайғасқан. Бұл үш мемлекеттің зейнетақы жүйесі ең жоғары «А» санатына жатқызылды. Ал Қазақстан 64,8 балмен 29-орынға тұрақтап, «C+» бағасын алды.

Еліміздің көрсеткіштері жекелеген өлшемдер бойынша да ерекшеленеді. Атап айтқанда, зейнетақы жүйесінің ұзақмерзімді тұрақтылығы 74,4 балмен, ал оны басқарудың сенімділігі 83 балмен бағаланған. Дегенмен зейнетақы төлемдерінің жеткіліктілігі бойынша көрсеткіш 44,9 балды құрады. Бұл салада әлі де шешімін күткен мәселелер бар екенін аңғартады.

Зерттеуде Қазақстанның зейнетақы жүйесінің құрылымына да тоқталған. Елімізде ол базалық, ынтымақты және жинақтаушы зейнетақыдан тұрады. Соның ішінде жинақтаушы жүйе азаматтардың еңбек еткен жылдарында болашақ зейнетақысына қаражат қалыптастыруына негізделген.

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

Ғимараттар құрылысы неге созылды?

Атырау облысында Мемлекет басшысының тапсырмасымен қолға алынған екі нысанның құрылысы кешеуілдеп тұр. Оның бірі – 2022 жылғы қарашада мұнайлы өңірге келген сапарында тапсырған мәдениет орталығының құрылысы болса, екіншісі – бұрынғы Президенттің резиденциясы.

Жолдасбек КӨШЕРБАЙҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Күйші есімімен аталатын кешен

«Қалада мәдениет орындарының көбірек болғаны жөн. Атырау қаласында дарынды жастар үшін мәдениет және шығармашылық орталығын салуды тапсырамын. Оны қазақ күй өнерінің алыбы – Құрманғазының атымен атауды ұсынамын. Кейбір нысандардың құрылысы көп жылдан бері тоқтап тұр. Мысалы, 10 жыл бұрын салына бастаған Концерт залы әлі пайдалануға берілген жоқ. Тіпті оның ғимараты жарамсыз күйге түсті. Үкімет әкімдікпен бірлесіп, осындай нысандарды салып бітіру мәселесін біржола шешуге тиіс. Қажет болса, инвесторларды тартыңыздар. Халық мұндай ғимараттардың игілігін көруі қажет», деді Президент.

Аталған нысанның құрылысын жобалау үш жылға созылды. Былтыр мұнайлы шаһарда мәдениет орталығының құрылысы басталды. Облыс әкімінің баспасөз хатшысы Руслан Жұмағазиевтің мәліметіне сүйенсек, Президент тапсырмасынан кейін құрылысы ұзақ жыл бойы аяқталмаған концерт залын бұзуға шешім қабылданды. Жаңадан дайындалған жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес мәдениет орталығына концерт залы мен тарихи-өлкетану музейін біріктірілген. Жаңа нысанда үш блок бар.

4 >



Отандық өнім мемлекет қолдауына ие

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында отандық өндірісті дамыту мен қолдау мәселесі қаралды. Онда Үкімет басшысы отандық өндірушілердің «Халықтық құрылыс» бағдарламасын жүзеге асыруға қатысуын қамтамасыз етуді тапсырды.



Нұрбай ЖОЛШЫБАЙҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Өндіріс көлемі өсті

Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаевтың мәліметінше, биылғы он айда өндеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 9,3%-ға өскен. Жыл соңына дейін инвестиция көлемі 1,7 трлн теңгеден асатын 200 жаңа кәсіпорынды іске қосу жоспарланған. Бұл 17 мыңнан астам жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Жобалар толық қуатына шыққанда жыл сайын 1,5 трлн теңгенің өнімі өндіріліп, 500 млрд теңгесі экспортқа бағытталады. Қазірдің өзінде 900 млрд теңге инвестиция тартылған 125 жоба іске қосылды. Отандық өндірушілер тізілімінде 2,6 мыңға жуық кәсіпорынның 72 мың тауары тіркеліп, 94 мың сатып алуда жергілікті өнімге басымдық берілген.

«Он айдың қорытындысы бойынша өндіріс көлемі 9,3%-ға өсіп, оң динамика көрсетті. Салаға серпін беретін маңызды бағыттардың бірі – инвестиция», деді Е.Нағаспаев.

Энергетика министрі Ерлан Ақкенженов биылғы тоғыз айда энергетика секторындағы жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алу көлемі 3,553 трлн теңгеге жетіп, оның 55,4%-ын елішілік құндылық құрағанын айтты. Мұнай-газ жобаларында жергілікті қамтудың ең төменгі үлесін тауарлар бойынша – 30%, жұмыстар мен қызметтер бойынша 80% деңгейінде белгілеу көзделген. Отандық өндірушілермен 79,7 млрд теңгеге 75 ұзақмерзімді келісімшарт жасалды. Бұған қоса, 37,7 млрд теңгеге 15 жаңа өндіріс іске қосылуда. 2022–2025 жылдары 7,9 млрд теңгеге 10 өндіріс жергіліктендіріліп, 350-ден астам жұмыс орны ашылған. Халықаралық сертификаттау шығындарын өтеу шегі 15 мың айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайтылып, 60 млн теңгеге дейін қолдау көрсету мүмкіндігі қарастырылған.

«Мұнай-газ саласында барынша сұранысқа ие түпнұсқа тауарлардың әлемдік және отандық өндірушілерімен бірлесіп, 37,7 млрд теңгеге 15 жаңа өндірісті локализациялау жұмыстары жүргізілуде», деді Е.Ақкенженов.

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровтың айтуынша, биылғы он айда ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 8,9 трлн теңгеге жетіп, 5,2%-ға өскен. Субсидиялау шараларымен 25 мыңға жуық субъект қамтылып, олардың 90%-ға жуығын шағын және орта шаруашылықтар құрайды. Жеңілдетілген несие көлемі алғаш рет 1,2 трлн теңгеге жетті. Өндірушілерді қамтуға кредит берудің алты арнасы іске қосылып, кепілі жеткіліксіз шаруашылықтарға қарыз бойынша кепілдік беру тетігі қолданылып келеді. Келесі жылғы егіс науқанын ерте қаржыландыруға өтінім қабылдау 1 қазанда басталды.

«Биыл жеңілдікпен берілетін кредит көлемі алғаш рет 1,2 трлн теңгеге жетті. Өндірушілерді қамтуды кеңейту мақсатымен кредит берудің алты арнасы іске қосылған», деді А.Сапаров.

Жасанды интеллект және цифрлық даму бірінші вице-министрі Ростислав Коняшкин еліміздің IT-қызметтер экспорты екі жылда екі еседен астам өсіп, 1,1 млрд доллардан асқанын мәлімдеді. Оның жартысынан астамын Astana Hub резиденттері қамтамасыз етеді. Биылғы тоғыз айда олардың экспорты 317 млрд теңгені құрады. Елде 20 өңірлік IT-хаб жұмыс істеп, олардың базасында 2,5 мыңнан астам іс-шара өткізілген. АҚШ, Қытай, Біріккен Араб Әмірліктері мен Малайзияда төрт халықаралық IT-хаб ашылып, олардың бағдарламаларынан 61 отандық стартап өткен. 20 қарашада Ұлыбританияда бесінші хабты ашу жоспарланған.

«Биыл тоғыз айда резиденттер 317 млрд теңгеге экспорт жасады. Бұл – шикізат емес экспорт пен жаңа жұмыс орындары. Яғни нақты нәтиже», деді Р. Коняшкин.

200 кәсіпорын іске қосылады

Премьер-министр Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында отандық өнімдер мен компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, елде шығарылатын тауарларға, соның қатарында мемлекеттік сатып алу арқылы кепілді сұраныс қалыптастыруға ерекше назар аударғанын айтты.

«Отандық өндірісті дамыту мен ішкі нарықты қорғау – Үкіметтің экономикалық саясатының теңдессіз басымдығы. Мемлекет басшысы атап өткендей, күшті әрі бәсекеге қабілетті нақты сектор мен отандық тауар өндірушілерге арқа сүйемей, қуатты экономика құру мүмкін емес. Алға қойылған мақсаттарды жүзеге асыру аясында биыл елде жалпы құны шамамен 1,7 трлн теңгені құрайтын 200-ге жуық жаңа өнеркәсіптік кәсіпорынды іске қосу жоспарланып отыр. Біздің міндетіміз – отандық зауыттар мен фабрикалар үшін өнімдерін тұрақты өткізуге, қаржыландыру тетіктеріне қол жеткізуге әрі әділ бәсекелестік жағдайларына кепілдік беру», деді О.Бектенов.

Биылдан бастап кәсіпорындарды қолдау, тауарлардың шығу тегінің ашықтығы мен шынайылығын қамтамасыз ету мақсатында отандық тауар өндірушілер тізілімі іске қосылды. Бүгінде онда 70 мыңнан астам тауар позициясы бойынша 2,7 мыңға жуық өндірушінің қызметі расталған.

Үкімет басшысы бұл тетікті құрылыс саласында, мемлекеттік сатып алуларда, ұлттық компаниялар мен жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларында, сондай-ақ жеңілдікпен қаржыландыру кезінде белсенді қолдану қажеттігін атап өтті. Мемлекеттік сатып алуда тек отандық өндірушілерден алынатын тауарлар тізбесі кеңейтілгенімен, есепті деректерге сәйкес, тоғыз айда жасалған шарттар көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 8%-ға төмендеген. Кәсіпорындардан өндіруші мәртебесін растау рәсімдерінің ұзаққа созылатыны туралы шағымдар да түсіп жатыр. Бұл сатып алу жүйесі мен тізілім жұмысында шешімін күткен мәселелер бар екенін көрсетеді. Жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларында да отандық өндірушілерге үлкен мүмкіндік бар.

Премьер-министр бірінші жартыжылдықта қатты пайдалы қазбаларды өндіретін жер қойнауын пайдаланушылардың отандық кәсіпорындардан тауар сатып алу үлесі небәрі 17%-ды құрағанын айтып, жағдайды жақсартуға нақты шаралар қабылдауды тапсырды.

Үкімет отырысының қорытындысы бойынша Олжас Бектенов бірқатар міндет жүктеді. Атап айтқанда, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің қолда бар қуаттар мен жергілікті өндірушілер әлеуетін барынша пайдалануға мүмкіндік беретін кластерлік даму моделін енгізу жөніндегі ұсынысын қолдады.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне Қаржы министрлігімен, «Атамекен» ұлттық палатасымен бірлесіп, жыл соңына дейін сатып алу рәсімдеріндегі кедергілерді жою, отандық өндірушілермен жасалатын шарттар көлемін ұлғайту тапсырылды. Сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдармен бірге кәсіпорындардың өтініштерін ескеріп, өндірушілер тізілімін жетілдіру, меншікті өндірістің бар-жоғын онлайн тексеруге мемлекеттік органдардың дерекқорларымен ықпалдастыру аясын кеңейту қажет.

Өнеркәсіп пен Энергетика министрліктеріне жер қойнауын пайдаланушылармен бірлесіп, отандық кәсіпорындардан сатып алынатын тауарлар тізбесі мен көлемін айқындау жүктелді. Бұдан бөлек, «Атамекен» ҰКП, мемлекеттік органдар мен компаниялар импортты алмастыратын өнімдерге қатысты келесі жылға арналған ұзақмерзімді шарттар мен офтейк-келісімшарттар жоспарын жыл соңына дейін бекітуі тиіс.

Өндірушілердің мәртебесін растау рәсімдерін жеңілдету үшін Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен бірлесіп, үш айда отандық тауар өндірушілер тізіліміне енгізу рәсімін мемлекеттік қызмет форматына көшіру тапсырылды. Бұл ретте өтінімдерді қарау мерзімдері белгіленіп, рәсім мемлекеттік органдардың дерекқорларымен ықпалдастырылуы қажет.

«Халықтық құрылыс» – қосымша мүмкіндік

Премьер-министр отандық кәсіпорындарды «Халықтық құрылыс» бағдарламасына тарту мен импортты алмастыратын өндірістерді дамыту мәселелеріне арнайы тоқталды. Бағдарлама өнеркәсіп саласы үшін қосымша мүмкіндіктерге жол ашып, отандық өндірістің дамуына елеулі серпін береді. Президент бастамасын жүзеге асыруға Ұлттық қордан шамамен 6,5 трлн теңге бағытталады. Бізде қалыптасқан өндірістік база бар. Бүгінде отандық кәсіпорындар негізгі құрылыс материалдары бойынша ішкі қажеттіліктің орта есеппен 73%-ға жуығын қамтамасыз етіп отыр. Енді осы қуаттарды «Халықтық құрылыс» бағдарламасының жобаларына барынша жұмылдырып, материалдар мен жабдықтар өндірісін кеңейту қажет болатын бағыттарды алдын ала айқындап алу керек», деді Олжас Бектенов.

Үкімет басшысы «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында жинақталған тәжірибені мысалға келтірді. Оның шеңберінде 106 жобалау-сметалық құжаттама бойынша материалдар мен жабдықтарға қажеттілік анықталған. Осыған байланысты жаңа өнімді ұзақмерзімді өткізуге кепілдік беретін офтейк-келісімшарттар тетігін кеңінен қолдану қажет. Бұл өнім түрлерін көбейтуге, отандық шикізатты терең өңдеуге, жаңа технологияларды игеруге мүмкіндік береді. Жобаларды жүйелі қолдау үшін отандық және шетелдік инвесторлармен тікелей жұмыс істейтін «Бәйтерек» холдингінің қаржылық құралдарын пайдалану міндеті де аталып өтті.

Импортты алмастыру аясында ауыр жүк көліктерінің халықаралық брендтерін жергіліктендіру жұмыстары жүргізілуде. Қазір Howo, Sitrak және Scania жүк көліктерін шығару қолға алынған, олардың құрамдас бөлшектерін де елде өндіруге басымдық берілуде. Жыл соңына дейін Алматыда Volvo жүк тартқыштарын шығару жоспарланған. «Mercedes» компаниясымен келіссөздер жүргізіліп жатыр. Премьер-министр кепілді сұраныс пен мемлекеттік қолдау арқылы мұндай жобаларды уақтылы іске қосып, басқа да жоғары технологиялық бағыттарда жұмысты жалғастыру қажеттігін айтты.

Осыған орай Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне әкімдіктермен, «Бәйтерек» холдингімен, «Атамекен» ұлттық палатасымен бірлесіп, «Халықтық құрылыс» жобаларына отандық өндірушілердің қатысуын қамтамасыз ету тапсырылды. Жобаларды қалыптастыру кезінде өндірушілер тізіліміндегі тауарларды ескеріп, қажеттілік пен сатып алу, жеткізу мерзімдерін алдын ала жариялау, өндірісті ұлғайтуға қажетті қаржыландыру тетіктерін қарастыру қажет.

Көлік министрлігіне халықаралық тасымалдарға арналған тартқыштар мен отандық жүк техникасына сұранысты ынталандыру, оның қатарында жеңілдікпен лизингті кеңейту жөнінде шаралар қабылдау жүктелді. Ал Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі импортты алмастырудың басым бағыттарын айқындап, тиісті өндірістерді елде жергіліктендіру шараларын әзірлеуге тиіс.

Биылғы көрсеткіштер көңіл қуантады

Премьер-министр Олжас Бектенов Ресейдің Орынбор облысының губернаторы Евгений Солнцевпен кездесті. Тараптар сауда-экономикалық байланыстарды нығайту, өңіраралық ынтымақтастықты кеңейту мәселелерін талқылады.



Орынбор облысы – еліміздің шекаралас өңірлер арасындағы негізгі әріптестерінің бірі. Нақтыланған мәліметтерге сәйкес, былтыр біздің өңірлер мен Орынбор облысы арасындағы тауар айналымы 13,7%-ға өсіп, 641,7 млн долларға жетті. Биылғы қаңтар-қыркүйек айларында бұл көрсеткіш 400,5 млн долларды құрады.

«Қазақстан мен Ресей көшбасшылары арасында тұрақты әрі сенімге негізделген диалог орнаған, бұл екі елдің, жекелеген өңірлер мен кәсіпорындардың экономикалық байланыстарын дамытуға берік негіз қалайды. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан мен Ресей арасындағы тауар айналымы шамамен 27 млрд долларға жетті. Қазір мемлекеттер басшылары алға қойған міндет – тауар айналымын 30 млрд долларға дейін жеткізуге жақындап келеміз. Орынбор облысын айтар болсақ, биылғы көрсеткіштер көңіл қуантады, өзара сауда көлемі артып келеді, оның 640 млн долларынан астамы Орынбор облысының үлесіне тиесілі», деді Олжас Бектенов.

Евгений Солнцев сауда-экономикалық қатынастардың тұрақты нығайып келе жатқанын айтып, шекара маңындағы ынтымақтастықтың маңызын атап өтті.

«Қазақстан – біздің ірі сауда серіктестеріміздің бірі. Қазақстанның үлесіне Орынбор облысының барлық әріптес өңірлермен жиынтық сыртқы сауда айналымының шамамен 20%-ы немесе бестен бір бөлігі тиесілі. Біз сіздерге ауыл шаруашылығы өнімдері мен өнеркәсіптік тауарлар жеткіземіз, Қазақстаннан кабельдік және химиялық өнімдерді, азық-түлік өнімдерін, тұтыну тауарларын аламыз. Жыл сайын өткізу пункттері арқылы жолаушылар мен жүк ағындары артып келеді. Өнеркәсіптік кооперация ерекше маңызға ие. Біз АӨК саласындағы экономикалық байланыстарымызды едәуір нығайта алатынымызға сенімдімін», деді Евгений Солнцев.

Кездесуде өзара сауданың әлеуетін толық пайдалануға мүмкіндік беретін бағыттар да сөз болды. Атап айтқанда, көлік-логистика инфрақұрылымын дамыту, авиациялық қатынастарды жолға қою, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы кооперациясын кеңейту, мәдени-гуманитарлық байланысты нығайту мәселелеріне назар аударылды.

Кездесу қорытындысында жауапты мемлекеттік органдарға бірлескен бастамаларды жүзеге асыруға қажетті қолдау көрсету жөнінде бірқатар тапсырма берілді.

Төтенше жағдайға дайындық тексерілді

Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаевтың төрағалығымен өңірлердің 2026–2027 жылдардағы қыс мезгіліне дайындығы мен 2027 жылғы көктемгі су тасқынының алдын алу шаралары жөнінде кеңес өтті.

Кеңес барысында орталық мемлекеттік органдар мен өңір әкімдіктерінің өкілдері жол, энергетика мен құтқару қызметтерінің қысқы кезеңге дайындығы, сондай-ақ су тасқынына қарсы іс-шаралардың орындалу барысы туралы баяндады. Қазір автомобиль жолдарындағы жұмыстарға 1 987 қар тазалайтын техника дайындыққа келтіріліп, 409 мың текше метр көктайғаққа қарсы материал қоры жасақталған.

«Қазгидромет» болжамына сәйкес алдағы қыс салыстырмалы түрде жылы болады деп күтілуде. Дегенмен еліміздің батыс, солтүстік пен шығыс өңірлерінде жауын-шашын мөлшері нормадан жоғары болуы мүмкін. Бұл жолдарды қар басу мен көктайғақ қаупін арттырады. Төтенше жағдайларға дайын болу мақсатымен 40 мың адам мен 15 мыңнан астам техника әзірленді. Өңірлерде жалпы сыйымдылығы 144 мыңнан асатын адамға арналған 1 729 жылыту бекеті дайындалды.

«Жыл сайын қыс мезгілінде өзекті мәселелердің бірі – автомобиль жолдарын қардан уақтылы тазаламау. Қар қалың жауып, боран соққан кезде бұл көлік кептелісіне әрі жолдарда автокөліктердің көптеп жиналып қалуына әкеледі», деді Үкімет басшысының орынбасары.

Қанат Бозымбаев Көлік министрлігіне әкімдіктермен бірлесіп, жолдарды уақтылы қардан тазартуды, қар тоқтататын қалқандарды орнатуды әрі техниканы қар басу қаупі жоғары учаскелерге алдын ала орналастыруды тапсырды. Энергетика министрлігіне халықты электр әрі жылу энергиясымен үздіксіз қамтамасыз ету, ал Төтенше жағдайлар министрлігіне құтқару бөлімшелерінің дайындығын күшейтіп, алдын алу жұмыстарын жүргізу міндеті жүктелді.

Кеңесте келесі жылғы су тасқыны кезеңіне дайындық мәселесі де қаралды. Елімізде су басу қаупі бар 1 242 елді мекен анықталған. Өңірлік инженерлік жұмыстар жоспарында 424 іс-шара көзделген. Оның 280-і немесе 66%-ы орындалды. Биыл 119,4 шақырым қорғаныс бөгеттері мен үйінділері салынып, жөнделіп әрі нығайтылды. Сондай-ақ 156 шақырым дренаж жүйесі салынып, қалпына келтірілді, автомобиль мен теміржолдардың астындағы 299 су өткізу құрылысы орнатылып, ауыстырылды.

Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан мен Абай облыстарындағы жағдайға ерекше назар аударылды. Аталған өңірлерде бірқатар елді мекенді су басу қаупі сақталып отыр әрі жоспарланған инженерлік жұмыстарды аяқтау қажет. «Көктемге дейін әлі біраз уақыт бар. Алайда барлық дайындық жұмыстарын қыс басталғанға дейін аяқтау қажет», деді Премьер-министрдің орынбасары.

Қанат Бозымбаев әкімдіктерге су тасқынына қарсы кезек күттірмейтін жұмыстарды аяқтауды, қорғаныс құрылыстарын нығайтуды, су бұру арналары мен жол инфрақұрылымын дайындауды тапсырды. Су ресурстары және ирригация министрлігіне суқоймаларының жай-күйін бақылауды күшейту, ал «Қазгидрометке» келесі жылғы ақпанға дейін өңірлер бойынша су тасқыны қаупін бағалайтын егжей-тегжей гидрологиялық болжам әзірлеу тапсырылды. Жасанды интеллект пен цифрлық даму министрлігіне су тасқынын болжау дәлдігін арттыру мақсатында «Тасқын» ақпараттық жүйесін жаңғыртуды аяқтау міндеті қойылды.

Кеңес қорытындысы бойынша Үкімет басшысының орынбасары Төтенше жағдайлар министрлігіне құтқару қызметтерінің, материалдық резервтер мен эвакуациялық пункттердің дайындығын іс жүзінде тексеруге республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығулар ұйымдастыруды тапсырды. Өңір әкімдеріне су тасқынына қарсы іс-шаралардың уақтылы әрі сапалы орындалуын қамтамасыз ету міндеті жүктелді.

Әлеуметтік салаға серпін береді

Әлеуметтік мемлекет – әрбір азаматтың әл-ауқатын арттырып, лайықты өмір сүруіне жағдай жасайтын, білім мен ғылым, денсаулық сақтау және өзге де салалардағы озық жетістіктердің игілігін халықтың бәріне теңдей ұсынуға ұмтылатын мемлекет. Бұл ұғымның негізінде заң үстемдігі орныққан, адам құқықтары мен бостандықтары берік қорғалған, әділеттілік пен ашықтық қағидаттарын басшылыққа алатын мемлекет құру мұраты жатыр.

Сәндібек АСАНӘЛІ,
«Egemen Qazaqstan»

Кейінгі жылдары мемлекет қаржысының қомақты үлесі тікелей әлеуметтік салаға, халықтың өмір сапасын жақсартуға жұмсалып жатыр. Көмек түрлерінің тармақтары көбейіп, мемлекет қолдауына мұқтаждығы жоқ азаматтарға да төлем тие бастады. Алайда мемлекеттік саясат аясында көрсетіліп отырған ауқымды қолдау, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, қоғамда масылдық психологияның қалыптасуына да ықпал етті. Сондықтан әлеуметтік мемлекет құру жолында әділдік қағидаты барлық салада берік орнығып, мемлекеттік көмектің ең алдымен шын мәнінде мұқтаж азаматтарға жетуі қамтамасыз етілуге тиіс. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауында: «Кез келген реформа терең сарапталып, мұқият зерттеліп, азаматтардың жағдайын мейлінше ескере отырып жүргізілуге тиіс. Көмектің жаңа тәсілдерін, соған қатысты ақпараттық жүйелердің қызметін алдын ала мұқият тексерістен өткізу қажет. Ең дұрысы, ондай жобаларды әуелі қанатқақты режимде іске қосып, тиімділігі расталған соң ғана кең ауқымда қолдану керек. Түптеп келгенде, әлеуметтік мемлекет дегеніміз – азаматтарды әлеуметтік төлемдерге тәуелді ету емес, бұл, ең алдымен, халықтың тұрмыс сапасын, әл-ауқатын арттыру деген сөз», деп атап өтті.

Әлеуметтік мемлекет ұғымы туралы айтқанда біз оны көбіне-көп халықтың әл-ауқатын арттыру, мұқтаж азаматтарды қолдау, төлемдер, жәрдемақымен қамту секілді мұқтаждықтарды өтеумен ғана байланыстырамыз. Шын мәнінде, бұл түсініктің мазмұны әлдеқайда кең. Мұндай мемлекеттің ең әуелгі мақсаты азаматтарды тек қиын жағдайда ғана қорғау-қолдау емес, сол қиын жағдайға түсірмеумен де байланысты. Қоғамдағы әрбір адамның өз әлеуеті шеңберінде мүмкіндігін толық ашып, пайдалануына, еңбек етіп, лайықты өмір сүруіне мүмкіндік жасалса, бұл да әлеуметтік мемлекет екенімізді айқындайды.

Бүгінде еліміздегі әр отбасының мұқтаждығына қарай төленетін төлемдерден тыс халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға, әл-ауқатын арттыруға негізделген тетіктер, жобалар жетерлік. Оның ішінде тұрғын үйге қатысты бағдарламалар, жұмыспен қамту іс-шаралары, ауыл халқының табысын арттыратын бастамалар, шағын және орта бизнесті қолдау секілді бағыттар уақыт сәтімен жаңарып, жүйеленіп, халықтың сұранысына қарай бағдарланып отырады. Ұзақмерзімді тұрғыдан алғанда, еңбекке қабілетті адамдардың тұрақты жұмыс табуына, кәсіп бастап, біліктілігін жетілдіруге мүмкіндік берген әлдеқайда тиімді әрі нәтижелі. Осы мәселеге қатысты Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаев: «Азаматтардың тұрақты жұмысқа тезірек оралуын барынша қамтамасыз ету қажет. Бұл – жұмысқа орналастыруға көмектесу, тегін оқыту, субсидияланатын жұмыс орындары арқылы жұмыспен қамту. Жәрдемақы төлеудің орнына дағдылар мен құзыреттерді дамытуға, жұмысқа орналастыруға басымдық берілуі керек. Бұл – келесі жылдан бастап енгізілетін басым бағыт», деді.

Бұл ретте бос жұмыс орындарын жариялап, іздеуден бөлек, кәсіби дамуға көмектесетін Enbek.kz электрондық еңбек биржасының өзі талай өзгеріп, жұмысшы мен жұмыс берушілерге бағдарланғанын мысал етуге болады. Білім алып, біліктілік арттырамын деушілерге сұранысқа ие дағдылар бойынша дәрістерді, қысқамерзімді курстарды онлайн әрі тегін оқуға мүмкіндік бар. Мысалы, жыл басынан бергі 9 айда Skills Enbek онлайн-платформасында 114,8 мыңнан астам адам оқудан өтсе, олардың шамамен 47%-ы – ауыл тұрғыны. Оқуды аяқтағандардың 43,3 мыңы – жұмыссыз азамат. Жұмыссыздарға арналған «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты», «Күміс жас» секілді жобалар да талай азаматтың еңбек нарығында өз орнын табуға ықпал етті. Бұл бағдарламалардан тыс халықтың осал топтарына берілетін қайтарымсыз гранттардың шарапаты талай адамға тиді. Оның алды бүгінде кәсібінің нәсібін көріп, шаруасын дөңгелетіп отыр.

Келер жылдан бастап мемлекеттік жәрдемақылардың жекелеген түрлерін тағайындау тәртібі өзгереді. Айталық, 1 қаңтардан төлемнің 14 түрін тағайындау барысында отбасының жағдайы жан-жақты бағаланады. Осыған дейін жәрдемақының бірнеше түрі адамның белгілі бір әлеуметтік санатына қарай тағайындалса, енді отбасының жалпы әл-ауқаты нақты ескеріледі. Бұл өзгерістер көмектің барлық түріне қатысты емес. Яғни бюджеттен төленетін 36 түрлі жәрдемақының 22-сі бұрынғы тәртіппен тағайындалады.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың: «Үкімет бұрын-соңды болмаған Инфрақұрылымдық жаңғыру жоспарын әзірлейді. Бұл ауқымды жұмысты іске асыру үшін 2029 жылдың соңына дейін Ұлттық қордан шамамен 6,5 трлн теңге бөлінеді. Биыл және 2027 жылдың алғашқы екі айы ішінде әлеуметтік жобаларды іске қосу үшін 1,5 трлн теңге көлемінде қаражат қарастыру қажет», деген сөзі де мемлекеттің осы салаға ерекше басымдық беріп отырғанын аңғартады. Келешекте бой көтеретін денсаулық сақтау нысандары, білім, спорт, мәдениет мекемелері жалпы халыққа, соның ішінде жас буынның білімді де білікті, денсаулығы мығым болып жетілуіне көп септігін тигізеді. Әлеуметтік мемлекет түсінігінің түпкі мәні мен мазмұны да осында жатыр.



Энергетикалық жаңғырудың даниялық үлгісі

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында еліміз 2029 жылға қарай электр энергиясын ішкі сұраныстан артығымен өндіру керегін баса айтты. Президенттің пікірінше, бұл жоспарды іске асыруға электр желілерін жаңғырту жеткіліксіз, жаңартылатын қуат көздерін де көбейту қажет. Осы орайда Данияның жасыл энергетикасындағы тәжірибесі көп елге үлгі болары сөзсіз.

Гүлнар ЖОЛЖАН,
«Egemen Qazaqstan»

«Қазақстан жыл сайын энергияның елеулі тапшылығымен бетпе-бет келіп жатады. Еліміз бүгінде сағатына 123 миллиард киловатт электр энергиясын өндіреді. Қуат көзінің мұндай көлемі өнеркәсіп пен құрылыс саласын, ауыл шаруашылығы кешендерін қарқынды дамытып жатқан, ең бастысы, экономиканы жаппай цифрландыруды, жасанды интеллектіні қоғамның барлық саласына енгізуді және осыған байланысты деректерді өңдеу орталықтарын салуды жоспарлап отырған ел үшін мүлдем жеткіліксіз. Сондықтан еліміз 2029 жылға қарай қуат көзін артығымен өндіретіндей деңгейге жету керек», деді Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы халыққа арнаған Жолдауында.

Осы тұста Мемлекет басшысы жаңартылатын қуат көздерін өндіру ісін кеңінен қолға алуды ұсынды. Мұндай қуат көзінің бірі – жел энергетикасы. Мамандардың айтуынша, осы мәселеде еліміздің кең даласы мен жел әлеуетін тиімді пайдаланудың маңызы зор. Мәселен, Дания жел энергетикасын дамыту арқылы жаңартылатын энергияны елдің энергетикалық жүйесінің маңызды бөлігіне айналдырды.

Аталған елдің «Danish Energy Agency» энергетика агенттігінің мәліметіне сүйенсек, елдің жасыл энергетика тәжірибесі бір ғана технологияға емес, ұзақмерзімді ұлттық стратегияға негізделген.

«Дания жел соғатын ел болғандықтан ғана жел энергетикасын дамытқан жоқ, керісінше, жел энергетикасын тұтас экономикаға айналдырды. Данияның жасыл энергетикасының негізі – жел турбиналары. Елде жел энергетикасы 1970 жылдардан бастап дами бастады. Ал 1991 жылы әлемдегі алғашқы теңіздегі жел электр стансасы – «Vindeby» жобасын іске қосты. Осылайша, теңіздегі жел энергетикасының негізін қалаған елдердің біріне айналды», делінген агенттік сайтындағы «Facts about Offshore Wind Power» мақаласында.

Статистикалық мәліметке сүйенсек, 2024 жылы Данияның ішкі электр энергиясының 54 пайызын жел энергетикасы қамтыған, ал жаңартылатын энергияның үлесі шамамен 79,7 пайызды құраған. Дат мамандары мұндай нәтиже жел турбинасын салу емес, жүйе құрудың нәтижесі екенін айтады. «Жел үнемі соқпайды. Сондықтан негізгі мәселе «желден электр алу» ғана емес, жел қатты соққанда өндірілген артық электр тоғын қалай пайдалану, ал жел ақырын кезде жүйені қалай тұрақты ұстау болды», дейді олар. Сондай-ақ көрші елдермен электр желілері арқылы байланысып, «Smart Grid» технологияларын дамытуға үлкен мән береді.

Дания теңізден соғатын қатты желдің әлеуетін де тиімді пайдаланып отыр. Мемлекеттің жер аумағы шағын болғанымен, оны қоршаған теңіз аймақтарында жел ресурсы өте мол. Осы себепті ел «Offshore wind» атты теңіздегі жел энергетикасы жобасын іске қосты. Қазір Дания жаңа теңіз жел парктерін салуды жоспарлап отыр. 2025 жылы елдің Энергетика агенттігі кемінде 2,8 ГВт қуат беретін үш жаңа теңіз жел электр стансасына конкурс жариялады. Бұл жобалар шамамен үш миллион дат пен еуропалық үй шаруашылығының электр қуатын тұтынуына тең көлемде энергия өндіре алады деп жоспарланып отыр. Сондай-ақ Данияның ең футуристік бастамаларының бірі – Energy Islands (Энергия аралдары). Теңізде орнатылған көптеген жел турбинасы өндірген электр энергиясын арнайы энергетикалық хабқа жинайды. Содан кейін электр энергиясы Данияға ғана емес, басқа Еуропа елдеріне де жіберіледі.

Дания жел арқылы өндірілген энергияны басқа салаларға да қосты. Олар электр энергиясын көлікке, жылытуға, өнеркәсіпке, басқа секторларға да кеңінен пайдаланды. Елдің энергетикалық жоспарларында осы секторларды бір-бірімен байланыстыратын икемді энергетикалық жүйе маңызды орын алады.

Дания тәжірибесін ескерсек, табиғи әлеуетті экономикалық жүйеге айналдыру маңызды орын алады.

Ал Экология және табиғи ресурстар министрлігі жанындағы қоғамдық кеңестің төрағасы Елдос Абақановтың айтуынша, еліміздің желі де, күн энергиясы да мол.

«Қазақстанның баламалы энергия көздерін дамытуға әлеуеті зор. Еліміздің климаттық және табиғи ерекшеліктерін ескере отырып, күн мен жел электр стансаларының санын көбейтсек, жаңа инвестициялар тартуға мүмкіндік туады», дейді сарапшы БАҚ-қа берген сұхбатында.

Бизнес еркіндігі – тұрақты өсім тірегі

1 <

Сарапшы «Finprom» ұсынған деректерді тілге тиек етеді. Оның сөзінше, биылғы алғашқы алты айда жеке кәсіпкерлерге салынған айыппұлдың жалпы сомасы 2 млрд 857 млн теңгеден 3 млрд 165 млн теңгеге жеткен. Өсім – 10,8 пайыз. Ал осы соманы былтырғы АЕК мөлшерімен шартты түрде қайта есептесек, өсім небәрі 0,7 пайыз шамасында болады. Дегенмен айыппұлдардың бәрі бірдей АЕК негізінде есептелмейтіндіктен, бұл көрсеткішті шартты бағалау ретінде қарастырған жөн.

Сарапшы назар аударған тағы бір жайт бар. Былтырғы алғашқы жартыжылдықта жеке кәсіпкерлерге 24 мыңға жуық ақшалай айыппұл салынса, биыл бұл көрсеткіш 24,5 мыңға жеткен. Ал ескерту саны 51,9 мыңнан 22,6 мыңға дейін азайған. Соның нәтижесінде әкімшілік жауапкершілікке тартылған жеке кәсіпкерлер арасында айыппұл алғандардың үлесі 31,6 пайыздан 52 пайызға өсті.

Алайда Венера Жаналина мұны кәсіпкерлерге жаппай қатаң жаза қолданыла бастады деп түсіндіруге болмайтынын айтады. Өйткені заңбұзушылықтардың құрамы да өзгерген. Мәселен, салық есептілігі мен жекелеген құжаттарды тапсырмауға қатысты тіркелген заңбұзушылықтар саны 26 мыңнан 518-ге дейін қысқарған. Бұл ескерту мен айыппұлдың жалпы арақатынасына әсер етуі мүмкін.

«Мораторийдің тиімділігін тексерулер санының қысқаруымен ғана бағалауға болмайды. Ең бастысы – кәсіпкерлердің заң талаптарын орындауға жұмсайтын уақыты мен шығынын азайту, шаруашылық қызметіне негізсіз шектеу қою жағдайларын қысқарту және мемлекеттік реттеудің тұрақтылығын қамтамасыз ету», дейді В.Жаналина.

Осы тұрғыдан қарағанда, мораторий әкімшілік жазаларды қолдану тәжірибесін жетілдіруге жол ашады. Тексерулерге уақытша шектеу қойылған кезеңде мемлекеттік органдар кәсіпкерлер жиі жіберетін қателіктердің алдын алу жолдарын қарастыра алады.

Айып тағудан – алдын алуға

Заңбұзушылықты анықтау – мемлекеттік бақылау тиімділігінің жалғыз өлшемі емес. Оның алдын алу да маңызды. Әсіресе қателігін түзетуге дайын кәсіпкерлерге түсіндіру жұмыстары мен ескерту шаралары көбірек пайда әкелуі мүмкін.

Осы тұста Венера Жаналина елеулі зардап келтірмеген ұсақ заңбұзушылықтарға қолданылатын жазаны қайта қарауды ұсынады. Мәселен, кәсіпкер статистикалық есептілікті белгіленген мерзімнен сәл кешеу тапсырса, алғашқы заңбұзушылықтың өзі ақшалай айыппұлға әкеліп жатады. Қаржыгердің пікірінше, мұндай қателік үлкен зардап туғызбаса, оны түзетуге мүмкіндік берген орынды.

«Мұндай жағдайларда алдымен ескерту жасап, заңбұзушылықты белгіленген мерзімде түзетуге мүмкіндік беру керек. Ал айыппұлды талапты қайталап немесе қасақана орындамағандарға қолданған дұрыс. Бұл есептілік тәртібін сақтай отырып, адал кәсіпкерлерге түсетін артық қаржылық салмақты азайтар еді», дейді ол.

Сарапшының айтуынша, мұндай тәсілдің мемлекетке де, кәсіпкерге де пайдасы бар. Кәсіпкер қатесін түзетеді, ал бақылаушы орган заң талабын орындатады. Ең бастысы, кішкене кемшілік кәсіп иесіне қосымша қаржылық салмақ түсірмейді. Әрине, адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға немесе қоғам қауіпсіздігіне қатер төндіретін әрекеттерге қатысты жауапкершілік сақталуға тиіс. Ал елеулі зардап келтірмеген қателіктерге қатысты ескерту мен түсіндіру шараларын кеңейту мемлекеттік бақылаудың алдын алу сипатын күшейтеді.

Үшжылдық мораторийдің маңызды қырларының бірі – салықтық бақылауды жаңғыртуға жол ашуы. Бүгінде мемлекеттік органдарда кәсіпкерлердің есептілігі мен қаржылық операцияларына қатысты ауқымды ақпарат бар. Осы деректерді тиімді пайдалану арқылы бақылау жұмысын әлдеқайда дәл әрі жүйелі ұйымдастыруға болады. Қазақстан салық кеңесшілері қауымдастығының басшысы Сәкен Қарин мораторийді осы тұрғыдан оң бағалайды. Ол Президент бастамасының мемлекеттік органдарға цифрлық жүйелерді жетілдіруге уақыт беретінін атап өтті.

Маманның айтуынша, бұған дейінгі мораторий кәсіпкерлерді пандемияның салдарынан қорғауға бағытталса, қазіргі ұсыныстың мақсаты өзгеше. Бұл жолы мемлекет бақылау тәртібін жаңартып, цифрлық мүмкіндіктерді кеңінен пайдалануға басымдық беріп отыр.

Сәкен Қарин, әсіресе, тәуекелдерді басқару жүйесіне жасанды интеллект енгізуді қолдайды. Оның пікірінше, жаңа технологиялар салық төлеушілер туралы деректерді жан-жақты талдап, тексеруді қажет ететін жағдайларды дәлірек анықтауға көмектеседі.

«Жасанды интеллект барлық ақпаратты талдап, объективті нәтиже ұсына алады. Менің ойымша, таяу уақытта салықтық бақылау жүйесінде үлкен өзгеріс болуы керек. Тәуекелдерді басқару өлшемдері ашық болса, сенім де артады. Кәсіпкерлер мемлекеттік бақылаудан қауіптенбейді», дейді ол.

Жасанды интеллектіні орынды пайдалану бақылаушы органдардың жұмысын жеңілдетеді. Мәселен, жүйе кәсіпкердің есептілігін, төлемдері мен басқа да мәліметтерін салыстырып, ықтимал сәйкессіздіктерді анықтай алады. Ал барлық көрсеткіші талапқа сай кәсіпкерлерді қайта-қайта тексерудің қажеттілігі азаяды.

Сарапшы салық органдары тексерулер барысында жиі кездесетін заңбұзушылықтар туралы жалпылама ақпаратты жариялап отыруы керек деп есептейді. Мұндай мәлімет кәсіпкерлерге қай талаптарға ерекше мән беру қажет екенін көрсетеді. Осылайша, бақылау жүйесі заңбұзушылықты анықтаумен қатар, оның алдын алуға да қызмет етеді.

Айқын талап, ашық бақылау

Мораторий кезеңінде назар аударуға тұрарлық тағы бір бағыт – салық заңнамасын жетілдіру. Мемлекет басшысы Жолдауында Салық кодексіндегі қайшылықтарды жою қажеттігін атап өтті. Бұл міндет кәсіпкерлердің күнделікті жұмысына тікелей қатысты. Сәкен Қарин заңнаманы қолдану барысында туындайтын кейбір түсініспеушіліктерді нақты мысалмен түсіндіреді. Оның айтуынша, салыстырмалы бақылауға қатысты нормалардың бірінде салық төлеуші құжаттарды ұсынуға «құқылы» деп көрсетілсе, келесі бөлігінде оны ұсынуға «міндетті» екені жазылған. Мұндай екіұштылықты жою кәсіпкерлерге де, салық органдарына да тиімді. Өйткені заң талабы неғұрлым анық болса, оны түсіндіруге қатысты дау да азаяды.

Сәкен Қарин салыстырмалы бақылау барысында кәсіпкердің түсініктемелері мен құжаттарын қарау тәртібін де жетілдіру қажет деп санайды. Оның айтуынша, кей жағдайда салық органы кәсіпкердің жауабын жеткіліксіз деп тауып, электрондық шот-фактура жазуға немесе банк шоттарынан шығыс операцияларын жүргізуге шектеу қоюы мүмкін. Мұндай шараларды қолданғанда кәсіпкердің нақты жағдайы мен ұсынылған дәлелдері жан-жақты ескерілуге тиіс. Әсіресе құжаттардағы сәйкессіздіктерді түсіндіруге және түзетуге мүмкіндік беру маңызды.

Мораторийдің оң ықпалы кәсіпкерлерге берілетін уақытша жеңілдікпен шектелмейді. Ол мемлекеттік органдарға бақылау тәртібін жетілдіруге де мүмкіндік береді. Венера Жаналинаның пікірінше, цифрландыру әкімшілік рәсімдерді жеңілдетумен қатар жүруге тиіс. Қайталанатын талаптарды қысқарту, бақылаудың ашықтығын арттыру, заңбұзушылық қаупіне қарай сараланған тәсіл қолдану маңызды. Мәселен, қызметінде елеулі қауіп жоқ, есептілігін уақытында тапсырып жүрген кәсіпкерге бақылаудың жеңілдетілген түрлерін қолдануға болады. Ал заңбұзушылық қаупі жоғары салаларға көбірек назар аударылады. Бұл мемлекеттік органдардың күшін шынымен қажет бағыттарға жұмылдыруға жол ашады.

Сәкен Қарин де мораторийдің оң ықпалын осы өзгерістермен байланыстырады. Оның пайымынша, үшжылдық кезеңде салықтық бақылаудың жаңа тетіктерін қалыптастырып, кәсіпкерлерді іріктеу өлшемдерін нақтылауға болады.

Сарапшылардың пікірін сабақтастырсақ, бастаманың тиімділігін арттыратын үш бағыт айқындалады. Біріншісі – кішігірім заңбұзушылықтарға қатысты ескерту мен қатені түзету мүмкіндігін кеңейту. Екіншісі – бақылаудың цифрлық тетіктерін жетілдіріп, үдерістерді ашық ету. Үшіншісі – салық заңнамасындағы екіұшты талаптарды жойып, кәсіпкерлерге түсінікті ережелер қалыптастыру. Осы шаралар жүзеге асса, мораторийдің игілігі үшжылдық мерзіммен шектелмейді. Кәсіпкерлерге жасалған жеңілдік мемлекеттік бақылаудың күнделікті тәжірибесіне де айналуы ықтимал.

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН



Ғимараттар құрылысы неге созылды?

1 <

Бірінші блокта 1 200 орындық концерт залы орналасады. Екінші блок тарихи-өлкетану музейіне лайықталған. Орталықта цифрлық және ғылыми кітапхана, ғылыми зертхана, шеберханалар мен мұрағат, қор, көрме, экспозициялық және мәжіліс залы ашылатыны жоспарланып отыр. Ал үшінші блок – домбыра пішініндегі көрініс алаңы. Ұлттық аспап пішініндегі бұл блок түрлі мәдени-рухани шаралар өтетін өнер мен шежірелі тарихты паш ететін орданы бір-бірімен жалғайды.

«Мәдениет орталығының құрылысын жүргізу үшін 5,0118 гектар жер телімі бөлінді. Жобаға сәйкес нысанның жалпы аумағы – 14992,06 шаршы метр, пайдаланылатын ауданы – 13649,81 шаршы метр. Ал жаңа музейде күніне 500 адамның еркін кіріп-шығуына толық жағдай жасалады», дейді Р.Жұмағазиев.

Өнер мен өнеге ордасына айналатын алып нысанның құрылысын «Aspan Holdings» ЖШС былтырғы желтоқсаннан бері жүргізіп жатыр. Бас мердігер бұл нысанды 2028 жылдың мамырында пайдалануға беруге тиіс. Демек, құрылыс жұмысы 36 айға созылады. Нысанның жобаға сәйкестігін әрі сапалы болуын техникалық тұрғыдан «Строй Проф» ЖШС, авторлық қадағалауды «Engineering Center LTD» ЖШС міндетіне алып отыр.

Президент назарындағы мұндай ірі нысанның құрылысын жүргізу оңайға соқпайтын түрі бар. Тіпті аталған жобаға қаралған қаржы көлемі аз емес. Нақтылай айтқанда, мәдениет орталығының құны – 68 млрд теңге. Алайда құрылыс мерзімінен кешеуілдейтін секілді. Мұны бір жылға жетпейтін мерзімде 2 млрд 457 млн теңгенің игерілгенінен байқауға болады.

Тамыз айында жоба жетекшісі Амандық Қапаров аталған нысанның құрылысына қаржы бөлу өзекті мәселеге айналуы мүмкін екенін айтқан еді. Өйткені құрылысқа 70-тен астам адамды тартқан мердігер жұмысты тоқтатпау үшін өз қаржысын салуға мәжбүр болды.

«Жобаға сәйкес мұражай блогі 4 қабатты болады. Концерт залына арналған бөлігі 3 қабатқа орналасады. Екі блокты біріктіретін домбыра пішіндес кіру аймағының биіктігі – 40 метр», дейді А.Қапаров.

Оның дерегіне қарағанда, мәдениет орталығының қабырғасы металл конструкциясынан құралады. Кейін сырты витражды әйнекпен қапталады. Жыл соңына дейін үш блоктың қабырғасын көтеріп, инженерлік желілерді жүргізу жоспарланған.

Бұрын – резиденция, болашақта – лагерь

Назардағы тағы бір нысан – Жайық өзенінің жағалауында орналасқан бұрынғы Президент резиденциясы. Мемлекет басшысы бұл нысанды балаларды сауықтыратын лагерьге айналдыруды тапсырған болатын. Соған орай 2023 жылы мәртебелі қонақтарға арналған нысан коммуналдық меншікке беріліп, оны «Жас дарын» сауықтыру лагеріне бейімдеу көзделген еді.

Резиденцияны сауықтыру лагеріне бейімдеу жобасының бастапқы құны – 5 млрд теңге. Бас мердігер ретінде «БатысАльянсСтрой» ЖШС таңдалыпты. Бірақ қазір нысанның құрылысы тоқтап тұр. Мұның себебін облыс әкімінің баспасөз қызметі былайша түсіндірді.

«Осы кезге дейін оқу орталығы мен әрқайсысы 50 орынға есептелген үш жатақхананың іргетасын құю, қабырғасын қалау 100 пайызға, ал шатырын жабу 80 пайызға орындалды. Алайда қазір құрылыс жұмысы жобалық-сметалық құжаттамаға мемлекеттік сараптаманың оң нәтижесін алғанға дейін уақытша тоқтатылды. Жоғарыда аталған нысандардағы құрылыс толық аяқталған жоқ. Мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынған соң жұмысты қайта жалғастыру көзделіп отыр», деп мәлім етті Р.Жұмағазиев.

Баспасөз хатшысының айтуынша, биылғы наурызда жобаға өзгеріс пен толықтыру енгізуге шешім қабылданыпты. Оның ішінде жабық спорт залын, футбол алаңы мен төрт автобусқа арналған гараж, ауыз-су мен ағынды суды тазарту қондырғысының құрылысын жүргізу бар. Сондай-ақ бұрынғы ғимаратты жөндеп, лагерь құрамына беру, ықтимал су тасқынынан қорғайтын бөгетті ұзарту көзделіп отыр. Осындай қосымша өзгерістерге байланысты жобалауды қайта дайындауға тапсырма берілген.

«Лагерьді су тасқынынан қорғау үшін салынып жатқан бөгеттің құрылысы әлі аяқталмады. Жобада көзделген жұмыстың дені орындалды. Алайда бұл жобаға осы кезге дейін бюджеттен қаржы бөлінбеді. Мердігер компания құрылыс жұмысын өз қаржысының есебінен жүргізді. Жобаның құны мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынғаннан кейін нақтыланады», деп мәлімдеді әкімнің баспасөз хатшысы.

Демек, балаларды сауықтыру лагерінің бастапқы құны өсетіні даусыз. Ал құрылыстың тоқтауына жоғарыда аталған себептер әсер еткен. Нысанды қолданысқа беру мерзімі де өзгерді. Енді бұл нысанның 2027 жылғы қыркүйекте пайдалануға берілетіні жоспарланып отыр.

Атырау облысы

КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

Күннен жарық өндірген

Еңбекшіқазақ ауданы Қайназар ауылында тұратын Жаңабаевтар отбасы жаңартылатын энергия көздерін пайдаланудың озық үлгісін жүзеге асырып, ауылдастарының таңданысын тудырып отыр. Кейінгі бірер жылда күн энергиясын пайдалану арқылы екіқабатты тұрғын үйін толықтай электр қуатымен, ыстық сумен қамтамасыз етіп, артық өндірілген электр энергиясын ортақ желіге өткізуде.

Ұлбосын ИСАБЕК,
«Egemen Qazaqstan»



Еңселі үйдің төбесіне күн панельдерін орнатып, одан қысы-жазы жеткілікті мөлшерде жарық алып отырған Темірхан Жаңабаев отбасылық күн электр стансасын құру жобасын екі жыл бұрын бастаған. Бастапқыда 24 панель орнатып, жалпы желіден тұтынатын электр энергиясының көлемін 90 пайызға дейін қысқартқан.

«Бұл технология үйді жарықтандырумен қатар, ыстық сумен де толықтай қамтамасыз етуде таптырмайтын құралға айналды. Ауылда электр қуаты сөніп қалған жағдайда үйіміздегі күннен келетін энергия автономды режімде қалыпты жұмысын жалғастыра береді. Оның қызығын іргемдегі әпкелерім де тегін көріп отыр. Бұл жобаның пайдасы біртіндеп көрінеді», деген кәсіп иесі Темірхан Жаңабаев орнатылған күн панельдерінің қызмет ету мерзімі 25-30 жылға дейін жететінін алға тартты.

Бастапқыда белгілі бір көлемде инвестиция қажет болғанымен, панельдер жоғары сенімділігімен ерекшеленеді. Олар шыңдалған берік әйнектен жасалғандықтан, жыл маусымының қай кезеңіне де, жауын-шашынға да аса төзімді.

Қазіргі таңда шаруашылықта әрқайсысының қуаты 670 ватт болатын 42 күн панелі орнатылған. Жалпы, өндірілетін электр энергиясының көлемі сағатына шамамен 30 киловатқа жетеді. Сонымен қатар үйдегі сыйымдылығы 250 литрлік тек күн энергиясымен жұмыс істейтін су жылытқыш қондырғысы қолданылады. Күндіз қыздырылған су арнайы жылу оқшаулау жүйесінің арқасында суымай, тәулік бойы пайдалануға жарайды.

Осылайша, «жасыл» энергияның рахатын көріп отырған Темірхан Жаңабаев күн панельдері қосымша табыс көзіне айналғанын атап өтті. «Тәулігіне шамамен 25 киловатт артық электр энергиясы «Алатау Жарық Компаниясына» сатылып, нәтижесінде жобаға салынған 5 миллион теңгенің жартысына жуығы қайтарылған. Мұның тиімділігін жұрт түсіне бермейді, салынған инвестицияны тез арада қайтарып алғысы келеді. Жаз маусымында күн сәулесі мол болғандықтан, ай сайынғы табыс 200 мың теңгеге дейін жетеді. Ал қыс айларында күннің қысқа әрі бұлтты болуына байланысты кіріс 60-70 мың теңге шамасында болады», дейді Темірхан Алпамысұлы.

Күн энергиясын пайдаланушы кәсіпкер бұрын алма бағы орналасқан 1,5 гектар жер теліміне қосымша күн панельдерін орнатуды бастап кеткенімен толықтай аяқтауға қаржы қолбайлау болып тұрғанын жасырмады. Жалпы, қолданыстағы заңнамаға сәйкес тәулігіне 200 киловатқа дейін электр энергиясын сатуға мүмкіндік барын айтқан ол алдағы уақытта жобаның кеңейе түсетіндігін тілге тиек етті. Мұндай жарқын жобалардың жүзеге асуы ауылдық жерлерде «жасыл» энергетиканы дамытуға және елді мекендердегі энергия тиімділігін арттыруға зор ықпалын тигізбек.

Алматы облысы

ИГІ ІС

Ырыздығы молайған кәсіпорын

«Ақкөл құс» құс фабрикасы өндірістік қуатын жылына 200 миллион дана жұмыртқаға жеткізбек. Бұрын фабрика жылына 90 миллион дана өндіретін еді. Істі ширатудың арқасында жаңа межені бағындырып, ырыздықты молайту көзделіп отыр.

Байқал БАЙӘДІЛ,
«Egemen Qazaqstan»

2014 жылдан бері іркіліссіз жұмыс істеп келе жатқан құс фабрикасы тағамдық тауық жұмыртқасын өндіруге мамандандырылған. Бүгінде мұнда құсқа арналған 6 корпус, балапан бағуға лайықталған 2 корпус, жем цехы және сұрыптау жабдықтары бар қойма жұмыс істеп тұр. Құс саны 300 мыңнан астам. Жыл басынан бері 48 миллион дана жұмыртқа өндірген. Кәсіпорынның өнімдері еліміздің бірқатар облыстарына, Астана және Көкшетау қалаларына, сондай-ақ, Қырғызстанға дейін жеткізіледі. Жұмыстың алға басуына фабрикада құсты бағып-күту және өсіру жабдықтарының жаңартылып, игілікті істі ұтымды ұйымдастыру себеп болып отыр.


Кәсіпорынды дамытудың келесі кезеңі – жұмыртқалайтын тауықтарға арналған 324 мың басқа шақталған 4 заманауи корпус салу. Бұл жоба жылына 110 миллион дана жұмыртқа өндіруге жол ашпақ. Нәтижесінде, фабриканың өндірістік қуаты 200 миллион данаға жеткізілмекші.

– Жоба аясында балапандарды бағуға арналған корпус салып, сағатына 30 мың дана жұмыртқа сұрыптайтын желісі бар қойма тұрғызу межеленіп отыр, – дейді құс фабрикасының директоры Ерхат Тәженов, – оған қоса жем цехын кеңейтпекшіміз. Инфрақұрылымды жаңарту құс санын көбейтуге, өндіріс тиімділігін арттыруға, ең бастысы, өнімнің өзіндік құнын арзандатуға әсер етеді.

Қазіргі уақытта жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алыныпты. Қытай мен Еуропадан жеткізілген жабдықтарды монтаждау жұмыстары қолға алынбақ. Жоба толық іске асқан кезде 71 жұмыс орны пайда болады. Қазіргі күні мұнда сексенге жуық адам жұмыс істеуде.

Кәсіпорынды кеңейту өңірде отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін арттыруға ықпал етпек. Жаңа инвестициялық жобаларды жүзеге асыру арқылы 2028 жылға дейін өңірде жұмыртқа өндірісін жылына 1 миллиард данаға жеткізу межеленіп отыр. Бүгінде өңір еліміздегі тағамдық жұмыртқаға деген қажетіліктің 15 пайызын, құс етінің 30 пайызын өндіруде.

Ақмола облысы,
Ақкөл ауданы



ӨНДІРІС ӨРІСІ

Мал сүйегінен – май мен желатин

Түркістан облысында жақсы дамыған мал шаруашылығының әлеуетін толық пайдалану бағытында ауқымды жобалар жүзеге асырыла бастады. Яғни мал шаруашылығы өнімдерін өндірумен ғана шектелмей, заманауи технологияларды енгізе отырып, шикізатты дайын өнімге дейін өңдеу – өңір экономикасын дамытудың маңызды бағыттарының бірі. Осы мақсатта Ордабасы ауданындағы Темірлан елді мекенінде мал сүйегінен май және желатин компоненттерін өндіретін зауыт іске қосылды.



Ғалымжан ЕЛШІБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Ірі қара мал сүйегін кәдеге жаратып, одан қосылған құны жоғары өнім өндіретін жаңа кәсіпорынды іске қосуға «Huating Biotechnology Co., LTD» ЖШС 9 млрд теңге қаржы бағыттаған. Кәсіпорынның ашылу салтанатында облыс әкімі Нұралхан Көшеров алдағы уақытта осы жоба аясында тері өңдеу және желатин өндіру жоспарланып отырғанын атап өтті. «Өңдеу өнеркәсібін дамыту Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған Жолдауында айқындалған басым бағыттардың қатарына кіреді. Президент дайын өнімді өндірістен дүкен сөресіне дейін жеткізетін әрбір өңірдің ерекшелігіне қарай біртұтас желі қалыптастыруды тапсырған болатын. Осы орайда өндіріс орындарының ашылуы өңір экономикасын әртараптандыруға, инвестиция тартуға, жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді», деді облыс әкімі.

Кәсіпорынға Темірлан елді мекенінен «Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ арқылы 10 гектар жер учаскесі берілген. Жобаның бірінші кезеңіне 2,5 млрд теңге инвестиция салынды. Компания алғашқы кезеңде биотехнология, микробиология мен фармацевтика салаларында қолданылатын маңызды компонент пептон, ал алдағы уақытта желатин өндіреді. Қазіргі таңда негізгі технологиялық жабдықтар орнатылған кәсіпорынның жобалық қуаттылығы жылына 5 мың тонна өнім. Өндірісте 100 жаңа жұмыс орны ашылады.

Сондай-ақ Ордабасы ауданындағы Ақбұлақ елді мекенінде құрылыс индустриясын дамытуға бағытталған алюминий композиттік панельдер өндіретін зауыт ашылды. Өндіріс орны басшылығының мәлімдеуінше, заманауи технологияларға негізделген кәсіпорын отандық құрылыс материалдарының өндірісін дамытуға, ішкі нарықтағы сұранысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жаңа өндіріс орны жылына 3 млн шаршы метр құрылыс саласына қажетті алюминий композиттік панельдерін шығаратын болады. Алдағы уақытта кәсіпорынның өнімін Орталық Азия елдері мен Ресей нарығына экспорттау жоспарланып отыр.

«Nur group» ЖШС директоры Абдулла Мухитдиннің айтуынша, жобаның инвестициялық құны 2,9 млрд теңге. Зауытта 50 адам жұмыспен қамтылады. Жобаны жүзеге асыру үшін Ақбұлақ елді мекенінен «Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ арқылы 3,9 гектар жер телімі берілген. Кәсіпорын шығаратын алюминий композиттік панельдер құрылыс нысандарының қасбеттерін қаптауда, ғимараттардың сыртқы келбетін әрлеуде кеңінен қолданылады. Мамандардың мәлімдеуінше, жаңа кәсіпорын құрылыс материалдарын өндіру саласының дамуына серпін беріп, отандық өнім үлесін арттыруға мүмкіндік береді.


Түркістан облысы

Білімді зерттеушілікпен ұштастырғандар

Эльвира СЕРІККЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»



Педагог-зерттеуші Берік Қалиевтің педагогикалық ұстанымына сүйенсек, математика – тек сан мен есептің жиынтығы емес. Логикалық ойлаудың негізі, дүниені тануға бастар жол.



Ол – республикалық физика-математика мектебінің түлегі. Оқушы кезінен мектептің ішкі өміріне еркін араласып, академиялық талапты жақсы меңгерген жас маман өз пәнін оқытуда зерттеушілік әдісті қолдану оқушының ой еркіндігі, интеллектуалдық өсуіне зор ықпал етеді деген пікірде.

«Мұғалімнің басты міндеті – оқушыға дайын ережені жаттату емес, сыни ойлауын, өз бетінше ізденуін, күрделі мәселеге тиімді шешім табуына қолдау көрсету. Сабақ – мұғалім мен оқушы бірге жүргізетін зерттеуі, ал мұғалім – білім беруші емес, оқушыға ой еркіндігіндегі орта қалыптастыратын жетекші. Математикаға қабілетті оқушымен жұмыс істеу мұқият әрі ғылыми көзқарасты талап етеді. Оқушы үшін формуланы қолдану аздық етеді. Бастысы – заңдылықтың мәнін түсіндіру. Оқу үрдісін үнемі талдап, терең академиялық білімді психологиялық қолдаумен ұштастырып отырамын. Мектептегі жүктеме маған жақсы таныс, сондықтан тапсырманың күрделілігін назарда ұстаймын. Оқушыларды артық күйзелістен сақтауға, ішкі сенімін жоғалтпауға тырысамын. Мақсатым – олимпиада жеңімпазын немесе жоғары балл алған оқушыны дайындау емес, жеке тұлғаны, ойлы азаматты тәрбиелеу. Мұндай түлек болашақта шұғыл шешім қабылдаудан қорықпайды. Ойы ұшқыр жастарға әлемнің ең беделді университеттері мен кәсіби биіктердің есігі әрқашан ашық», дейді Берік Қалиев.

Педагог-зерттеуші Рахим Тинасилов – О.Жәутіков атындағы республикалық физика-математика мектебінің түлегі. «Білікті ұстаздарымның арқасында физика, математика, химия пәндерінен терең білім алдым. Бұдан бөлек, мектеп тәртіп пен ұқыптылыққа, төзімділік пен шыдамдылыққа үйретті. Нәтижесінде, 2011–2013 жылдар аралығында химия пәнінен республикалық және халықаралық олимиадалардың жеңімпазы атандым. Мектебімізде химия пәнінен дәріс берген Ардақ Алмабаева ұстазым оқуға ынтамды ашты», дейді өз әңгімесінде.



Ол 2018 жылы Назарбаев университетін тәмамдап, магистратураны Германия еліндегі Бонн университетінде 2022 жылы химия саласы бойынша аяқтап келген. Университетте бірнеше зертханада тәжірибе жинап, табиғи заттардың химиясы, органикалық синтез және фотокатализ саласында жұмыс істеуді меңгерді. Осыдан үш жыл бұрын елге оралған Рахим Мұхтарұлы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де оқытушы ретінде бір жыл қызмет істеп, тәжірибе жинақтайды. Кейінгі үш жылға жуық еңбек жолын республикалық физика математика мектебінде жалғастырып келеді.

«Мен өз ісіме бар ынта-жігеріммен кіріскендіктен де болар, 5 оқушым химиядан республикалық олимпиадаға аттанып, жүлделі орынға ие болды. Оқушыларға сабақ беру барысында «құбылыс-бағдарланған оқыту» (PhBL) әдісін қолданамын. Құбылыс-бағдарланған оқыту әдісін қолданған Финляндия мектептері оқыту жүйесінің сапасы жағынан әлем бойынша алғашқы орында келеді. Аты айтып тұрғандай, бұл әдіс табиғаттағы белгілі бір құбылысты физика, химия, биология деп пәндерді бөлмей, барлық жағынан зерттейді. Өмірде кездесетін, табиғаттағы құбылыстар болған соң оқушылар тез есте сақтап, сұрақ қою арқылы физика, биология, химия саласына қызығушылығы артып келеді», дейді жас маман.

Астана қаласындағы республикалық физика-математика мектебінің физика мұғалімі, педагог-зерттеуші Алмаз Салимовтің пікірінше, физикада формуланы түсіндіріп, есеп шығаруды үйретумен қатар, оқушылардың қоршаған ортаға қызығушылығын ояту маңызды.



«Сабақта білім алушының «Бұл неліктен болады?» деп сұрақ қойғанын, өз болжамын айтып, оны дәлелдеуге тырысқанын ерекше бағалаймын. Осындай сәттерде ұстаздық еңбегімнің мәнін сезінемін. Күнделікті жұмысымда физиканы өмірмен байланыстыруға ұмтыламын. Жеделсатының қозғалысы, табиғаттағы құбылыс, тұрмыстық техниканың жұмысы – бәрін де әр пәнге арқау етемін. Оқушы үйренген білімінің күнделікті өмірде қалай қолданылатынын түсінгенде, пәнге деген қызығушылығы арта түседі. Тапсырма әзірлегенде PISA мен TIMSS тәсілдеріне назар аударамын. Білім алушының дұрыс жауап табуы қаншалықты маңызды болса, сол жауапты қалай тапқандығына да соншалықты назар аударамын», дейді ол.

Ұлттық құндылықтарды да күнделікті сабақтан бөле жарып қарамайтын ұстаз нәтижені өзгертпей жазу – адалдықтың, қиын есептен бірден бас тартпау – табандылықтың, бірге жұмыс істегенде бір-біріне көмектесу – сыйластықтың көрінісі ретінде түсіндіреді. Айнала табиғатты танып, су мен энергияны ұқыпты пайдалану сияқты құндылықты бойына сіңірген оқушыда өз еліне деген сүйіспеншілік жастайынан қалыптасады.

«Оқу бағдарламасын жетілдіру ерекше маңызды. 7–9-сыныптарға арналған физика бағдарламасы бойынша ұсыныс әзірлегенде тақырыптың бірізділігін және білім алушының жас ерекшелігін ескеруге тырысамын. Күрделі ұғымдар 10–11-сыныптарда тереңдетіле оқытылуы қажет деп санаймын. Оқу материалын әзірлеуде физиканы балаға түсінікті әрі қолжетімді етуге тырысамын. STEM мен ЖИ-ді оқу үрдісінде қолдану бағытында ізденіп жүрмін. Жаңа құралды қолданар алдында оның білім алушыға пайдасын екшеймін. Модельдеу мен симуляциялар көзге көріне бермейтін үдерісті түсінуге, болжамды тексеруге көмектеседі. Олимпиадалық дайындық пен ғылыми жобаларда әр білім алушының қызығушылығын, қарқынын және мақсатын ескеруге тырысамын. Бірі күрделі есептерге әуес болса, бірі тәжірибе жасағанды ұнатады. Сол қызығушылықты байқап, қолдау көрсету – ұстаздық жұмысымның ең маңызды тұсы», дейді ол.

Былтыр «Үздік педагог» атағына ие болған Алмаз Салимов биыл математика, физика және информатика пәндерінің мұғалімдері мен олимпиадалық резерв жаттықтырушыларына арналған халықаралық ашық шығармашылық байқауда 1-орынға ие болды. Осы орайда, жас мұғалім оқушылардың физиканы түсініп қана қоймай, сұрақ қоюдан қорықпайтын, дәлелге сүйенетін, еңбекті бағалайтын азамат болып өсуі, алған білімін өмірде қолданып, еліміздің дамуына үлес қоса алса, ұстаздық еңбегімнің ақталғаны, дейді.

АЛМАТЫ

Оқушының оңалту кешені

Қызылорда қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы Ерасыл Айдарбек NauanX командасының құрамында Түркияда өткен Empower Me халықаралық байқауында II орын иегері атанды. Мектеп түлектері Жұлдызай Мұңайтпасова, Арайлым Әшірмет және Раушан Тұрғанбаймен бірге инсульт алған пациенттерді оңалтуға арналған кешенді таныстырған оқушыға ауыр науқасқа шалдыққан адамға көмек көрсететін кешен құрастыру танысы инсульт алған кезде келген екен.

Мұрат ЖЕТПІСБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»


Remotion құрылғысы геймификация арқылы пациенттердің моторлық функцияларын қалпына келтіруге септеседі. Оңалту жаттығуларын интерактивті үдеріске айналдыратын жүйе 8 апта сынақтан өткен.

«Дертке шалдыққан жаңағы танысымыз аман қалғанмен оңалуы өте ауыр болды. Бірсарынды жаттығулар онсыз да қиналып отырған жанның үмітін кесіп, жігерін құм қылатындай еді. Дәрігерлер сатып алуға кеңес берген механикалық қолғаптың бағасы да арзан емес екен – 1 700 доллар болып шықты. Тиімді әрі қолжетімді құрылғы жасау туралы оймен бірнеше айдың ішінде кешеннің алғашқы жұмыс істейтін прототипін әзірледік», дейді Ерасыл Айдарбек.

Пациент бейнеойындармен біріктірілген үш арнайы құрылғы арқылы ойын тапсырмаларын орындай отырып, табиғи түрде ұсақ мотериканы, қол мен білек бұлшықеттерін дамытады.

«Статистика бойынша жер жүзінде 94 миллионнан астам адам инсульттің зардабын тартып отыр деседі. Дегенмен оңалту кезеңінде пациенттердің көбін күнделікті қайталанатын физикалық жүктемелер қажытып жіберетіні байқалады. Біз қолданған геймификация принципі науқасты шаршатпай, жаттығуды ойын үдерісіне айналдырады. Бұған сегіз апта бойы жүргізілген сынақтан кейін көз жеткіздік. Электрмиографиялық деректер (EMG/RMS) науқастардың бұлшықет белсенділігінің айтарлықтай артқанын анық көрсетті. Пациенттердің өздері ойын форматы оларды ынталандырып, көңіл күйлерін күрт көтергенін айтып отыр», дейді оқушы.

Ыстанбұлда өткен байқауда қазылар алқасы дәлелдемелер базасы мен нәтижелердің нақтылығына баса назар аударыпты. Реабилитологтердің



қорытындылары, медициналық көрсеткіштер мен екі айлық сынақтың фото есебінен кейін құрылғының тиімділігіне олардың да көздері жеткен.

Автор халықаралық байқаудағы екінші орын жүлдесіне берілген 5000 долларды маман дәрігерлермен бірлесе отырып, кешенді жетілдіруге жұмсамақшы. Осы күні патент пен авторлық құқықты рәсімдеп қойған.

Енді баршаға қолжетімді толыққанды өнім шығарып, оның елімізде ғана емес, шетелдегі оңалту орталықтары мен мемлекеттік және жекеменшік клиникалардағы стандартты жабдықтар қатарында мыңдаған адамның қажетіне жарауы үшін жұмыс істейді.

ҚЫЗЫЛОРДА

Озық технология ойлап тапқан

1 <

Коллажды жасаған – Гүлмира ӘШІМХАНҚЫЗЫ, «ЕQ»

Байқаудан кейін Алан алғашқы коммерциялық тапсырыстарын қабылдай бастаған. Кәсіпорындарға сайттар әзірлеп, клиникаларға CRM жүйелері мен жасанды интеллект агенттерін енгізуді қолға алыпты. Осы жұмыстың нәтижесінде өз командасын қалыптастырған. Оның құрамында мектеп оқушылары да бар.

Қазір жас әзірлеуші үш бағытта жұмыс істеп жүр. Алғашқысы – Takhet+. Бұл пациенттерді, дәрігерлер мен медициналық ұйымдарды бір жүйеге біріктіретін цифрлық платформа. Жобаның қазір 2–3 серіктес клиникасы бар, 150 дәрігермен ынтымақтастық жөнінде келісім жасалған. Сонымен қатар корпоративтік бағыты да дамып келеді.

Екінші жобасы – Jauynger. Ол әскери қызметке қабылдау үдерісін цифрландыруға арналған. Платформа азаматтарға өтініш беруден бастап келісімшартқа қол қоюға дейінгі ресімдерді онлайн орындауға мүмкіндік береді. Жоба AI & Digital Bridge Kazakhstan форумында «Жылдың үздік мемлекеттік жобалары» аталымы бойынша үшінші орын иеленген. Форумнан кейін команда Қорғаныс министрлігімен платформаны енгізу және одан әрі дамыту мүмкіндіктерін талқылаған. Қазір жоба толық әзірленіп, App Store дүкенінде жарияланған.

Үшінші жоба – Simplify. Алланың айтуынша, бұл шетелдік компаниялардан жұмыс іздеу үдерісін автоматтандыратын жасанды интеллект агенті. Ол түйіндемені бос жұмыс орындарының талаптарына бейімдеп, ілеспе хат әзірлейді және халықаралық платформалар арқылы өтінім жібереді. Жоба көмегімен отандық мамандар шетелдік компанияларға жұмысқа орналасқан. Simplify аталған форумда 290 команданың арасынан 15-орынға ие болып, жалпы аудиториясы 140 мыңнан асатын екі білім беру орталығымен серіктестік орнатқан.

«Мен үшін идеяның қағаз жүзінде қалмай, адамдарға нақты пайда әкелгені маңызды. Сол себепті әр жобаны тәжірибеде сынап, пайдаланушылардың сұранысына қарай жетілдіруге тырысамыз», дейді Алан.

Жас команданың жұмысы стартаптармен шектелмейді. «Қазақтелеком» компаниясында олар әзірлеген цифрлық жүйелер мен жасанды интеллект агенттерін қолдану мүмкіндіктері талқыланған. Сондай-ақ Алатау қаласының цифрлық инфрақұрылымын дамытуға арналған жобаларға қосалқы мердігер ретінде қатысып отыр. Атап айтқанда, турникеттер, ақылды есік құлыптары мен бейнебақылау камераларына қатысты технологиялық шешімдер әзірлеуде.

Алан үшін мектеп пен технологиялық жобалар бір-біріне кедергі емес, қатар дамитын екі маңызды орта. Сабақтан тыс уақытта командасымен жұмыс істеп, жаңа идеяларды жүзеге асыруға күш салады. Алдағы мақсаты – қолға алған жобаларын жетілдіріп, ауқымын кеңейту. Талабымен танылған оқушының бүгінгі жетістіктері үлкен істің бастауында міндетті түрде мол тәжірибе тұруы шарт емес екенін көрсетеді. Оның бойындағы мақсаткерлік пен сенім, ізденіс пен табандылық замандастарына үлгі.

АЛМАТЫ

БӘКІР ТӘЖІБАЕВ – 100

Ақбұлақтың арда ұлы

Биыл әнші, сазгер, ақын Бәкір Тәжібаевтың 100 жылдығына орай, Ақтөбеде оның ойлы көздерімен төңіректі шола қарап отырған алпамса тұлғалы мүсіні бой көтерді. Мәдениет саласының үздігі, сазгер Орал-Қосай Байсеңгір Бәкір Тәжібаевтың жарияланбай қалған қолжазбаларын, хаттарын жинақтап, «Ақбұлақ аға» кітабын шығарды. «2006 жылы Алматыдағы ақынның үйіне барып, ескі жазу мәшіңкесіне басылған сегіз пьесасын жары Сапаргүл апайға қолхат жазып алып, Ақтөбеге әкелдім. Олардың арасынан қос ұлы соғыста қаза тапқан ана туралы жазылған «Ана жүрегі» пьесасын облыстық драма театры әртістері сахналады. Қазір қолымда Бәкір ағаның «Ән жолдары», «Ақбала-Боздақ», «Ақтау әні» («Жалынмен жағаласқандар»), «Сал Сары мен қыз Қосан», «Біздің ән», «Зәуреш» («Әке»), «Қилы-қилы тағдырлар» пьесалары бар. Оның қай драмалық шығармасын алсаңыз, өлеңмен өріліп, әнмен астасып жатыр», дейді Орал Байсеңгір.


Баян ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

1960–1980 жылдары қазақ поэзиясы мен саз өнеріне ерекше леп әкелген Бәкір Тәжібаев 1926 жылы Байғанин ауданы Ақбұлақ ауылында дүниеге келген. Әкесі Төлеу мен анасы Тәженнен үш ер бала, бір қыз туған. Тұңғышы Бәкірді сәби кезінен әкесінің інісі Селбай асырап алған. Бәкірдің атасы Қоныс Жем-Сағыз бойына атағы жайылған жырау болса, Төлеу мен Тәжен де ән мен күйден ешкімге дес бермеген өнерлі жандар екен. Ақтөбе облысының бірнеше ауданында ішкі істер бөлімінде қызмет істеген Селбай ағасы аманат еткен ұлды еркелетіп өсірген. «1944–1945 жылдары Бәкір Темірден Жарқамысқа жиі келіп, кешқұрым ауыл адамдарына «Бекет батыр» жырын жырлап, көңілдерін көтеріп кететін. Ол 1945 жылы Темір педучилищесін бітірген соң аудандық газетте тілші болып жұмыс істеді. 1950 жылы Тахауи Ахтановтың шақыртуымен Алматыға оқуға кетіп, Жамбылда, Шымкентте өнер саласында жұмысын бастады. Өнері өрлеп, атағы жайылса да, елден қол үзбей, ауылға екі жылда бір соғып тұрды. Күй талғамайтын. Ешкімге міндетін артпай, ел басшылары берген көлікпен туған жерін аралап, ән мен күйін төгіп жүре берді. Сыртынан сұстылау болып көрінгенімен, халықтың алдында кішік еді», деп айтқан Бәкірдің туған інісі Мырзағали ақсақал.


Жем-Сағыз өзендерінің ақ майса, жұмсақ құмдарына аунап өскен сан қырлы талант иесі өлеңдерінің өзегі – кіндік қаны тамған Ақбұлағы еді.

«...Айналайын, Ақбұлақ,
Айналақтап жағанда,
Сенен артық өзенді
Бұл әлемнен табам ба?».

Қай кезеңде де жүрекке жылы тиетін осы жолдардан бүгін де әркім өз Ақбұлағын іздейді. Өлмес жырлардың артында туған жердің қасиетін жан-жүрегімен ұғынған, өртеңде өскен ұрпақтың сыры жатыр. 30-жылдардың аштығында ес біліп қалған, одан кейін құғын-сүргінде оң-солын тани бастаған, соғыс жылдарында әскерге алынатын жасқа жетіп қалған жас жігіт Жем бойы мен Үстірттің қырын жайлаған жұрттың есті әңгімелерімен есейген. Соғыс аяқталғанда 18-ден асқан ол ошағы сөнген талай шаңырақтың қайғысын көзбен көріп, жүрекпен сезінді. Өзі де тағдырдың соққысын ерте сезінген. Тәжен анасы өмірден өткенде, Бәкір 11 жаста болса, ең кішісі – Қибат бір жастан енді ғана асқан сәби. Балалық шағы заманның қиын-қыстау кезеңіне тап келсе де, Бәкірдің өлеңі мен әндерінде торығу сезімі байқалмайды. Керісінше, тілі жеңіл де нақты, ойға оралымды, туған жер, әсем табиғат, махаббат пен сүйіспеншілікті жырлады. Қала мен даланың әрбір бөлшегі: алмасы, құсы, бұлағы, өзен-суы, шөбі, жапырағын жырлап отырса да, оның ар жағында ертеңгі күнге деген үміт, жақынға жанашырлық сезімдері тұр. Балалығын соғыс ұрлаған буынның талантты өкілдері бұлбұл үні, бозторғай әні, бұлақтың сыңғыры арқылы жан жарасы жазыла қоймаған, соғыстың сұмдығын бастан кешірген халқының ертеңгі күнге үмітін оятты. Оның әндері мен сазын жұрттың жақын қабылдауының сыры осында жатыр. Ақын шығармаларының астарында ел бірлігін сақтау, халықтың әл-ауқатын көтеру, адал еңбек ету, саналы ұрпақ өсіру мақсаты көрініс тапқан.



Бәкір мен Сапаргүл



Бүгінде Бәкірдің бірге туған бауырларынан көзі тірісі – Байғанин ауданы Жарқамыс ауылында тұратын 79 жастағы Қибат апай ғана. Сөзін Бәкір, әнін Ескендір Хасанғалиев жазған «Қарындасым – қарлығашым» әнінде:

«Жастық күнін тойлап,
Қос бұрымы ойнап,
Бұлғақтаған еркем.
Шоқ жұлдыздан дара,
Жүрген кеше бала,
Сыр сақтаған еркем»,

деген жолдар бар. Мұны Бәкір қарындасы Қибатқа арнап жазған. «Анамнан бір жарым жасымда айрылдым. 1957 жылы 20 жасымда тұрмысқа шықтым. Он жылдан кейін күйеуім қайтыс болып, бес баламен жесір қалдым. Жарқамыста қайынағам және абысыныммен бірге тұрып, олардың бес баласы мен менің бес балам бірге ержетті. Елге келгенде Бәкір ағам біздің үйге түсетін. Қой сойылып, ауыл адамдары біздің үйге жиналып, Бәкірдің әнін тыңдайтын», дейді Қибат апай.

«Балапандар – серік,
Қанаттары – берік
Қатайды ма, құсым?
Тым болмаса бізді
Атайды ма, құсым?
Өміріңнің жазын,
Сәлем хатқа жазып,
Айтпайсың ба, еркем?
Құстарыңмен келіп,
Өз төріңді көріп,
Қайтпайсың ба, еркем?»,

деген ән жолдарында ағаның қарындасқа деген сағынышы, жанашырлығы жатыр. Әнін Сейдолла Бәйтереков, сөзін Бәкір Тәжібаев жазып, Роза Рымбаеваның орындауында әлемге танылған «Әлия» әнінің тарихы да ерекше. Ақынның жары Сапаргүл апайдың анасы Әлия Молдағұлованың анасы Маржанның жақын туысы. Ол ертеректе Темір ауданы Алтықарасу ауылында бірге тұрып, Әлия әулетінің тарихын жақсы білген. 1960 – 1970 жылдары Алматы теміржол станциясын (вокзал) басқарған Әлияның нағашы ағасы Әбубәкір Молдағұловтың отбасымен Бәкір мен Сапаргүл жақсы араласқан. Екінші дүниежүзілік соғыста қаһармандықтың жарқын үлгісін көрсеткен батыр қыздың ақтаңдақ өмірбаяны айтылмаса да, рухты жыры әлем сахнасын шарлады. Өткен ғасырда кеңестік дәуірдегі қазақ поэзиясы мен саз өнерінде өзіндік орын қалдырған сан қырлы талант иесінің өмірбаянында осындай сырлар бар. Артына өлмес жырлар қалдырған тума таланттың балалық кезінің куәсі Ақбұлақ бүгінде елсізде сыздықтап ағып жатыр. Қазір Ақбұлақтың Бәкір кезіндегідей арындаған екпіні жоқ. Уақыт өте келе, табиғат та, адамдар да өзгергенімен, Бәкірдің жалынды жырлары өміршеңдігін жоғалтқан емес.

Ақтөбе облысы

МИРАС

«Алтын адам» – әлем назарында



Еліміздегі әйгілі археологиялық көне жәдігер «Алтын адам» мұрасын зерттеу мен сақтаудың өзекті мәселелері отандық және шетелдік ғалымдардың қызығушылығын арттырып келеді. Осыған орай дәстүрлі «Есік оқулары» биыл VII мәрте ұйымдастырылды. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға Қазақстан, Қытай, Әзербайжан, Өзбекстан, Түркия, Италия және басқа да елдердің зерттеуші-ғалымдары қатысып, археология, археогенетика, антропология, ежелгі жазу, музейлендіру және тарихи-мәдени интерпретация мәселелері бір-бірінен бөліп-жаруға келмейтін, өзара сабақтас ғылыми міндеттер екені айрықша аталды.

Ұлбосын ИСАБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

Конференция «Қазақстан-Қытай: археологиялық мұраны сақтау жолындағы ынтымақтастық» атты көрменің ашылуымен басталды. Мәдениет және ақпарат министрінің құттықтау хатын министрдің уақытша міндетін атқарушы Қанат Ысқақов оқып берді.

«Есік обасынан табылған жазу біздің жазба мәдениетіміздің тым терең екенін, сонымен қатар Еуразия кеңістігіндегі ежелгі жазу жүйелері мен мәдени коммуникацияға үлкен үлес қосқанымызды дәлелдейтін аса құнды дерек. Биыл «Есік» музей-қорығының аумағында университет студенттерінің археологиялық практикалары ұйымдастырылып, аса қомақты нәтижеге қол жеткізілді», деді модератор, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорық директоры Әзімхан Қойлыбаев.

Қазір музей саласында халықаралық байланыстар нығайып келеді. «Есік» музей-қорығы да шетелдік әріптестермен, оның ішінде Қытайдың Шэньси археологиялық институтымен талай жылдан бері тығыз қарым-қатынаста. Соның нәтижесінде Алматы облысы аумағында археологиялық барлау жұмысы жүріп, музей-қорық қорындағы 50-ден астам музейлік бұйымдар қайта жаңғыртудан өтсе, бірнеше музей қызметкерлері ҚХР-да іс-тәжірибесін байытқан.

Шэньси провинциясы археология институтының директоры, профессор Чон Жиян Ронгтің онлайн құттықтауында екіжақты келісім аясында ауқымды істер атқарылғаны аталды.

«2017 жылдан бері Қытай-Қазақстан археологиялық жұмысы негізінде Есік қорымы М8, Жаңалық қорымында қола дәуірінен ерте көшпелі дәуірге дейінгі құнды жәдігерлердің бірнеше топтамасын бірлесе қаздық. Қапшағай су қоймасының маңайы, Шарын өзенінің Ақтоғай ауданында жүйелі аймақтық археологиялық барлау жұмысын аяқтадық. Музей-қорық қорының коллекциясындағы жәдігерлердің зақымдануын зерттеу және қалпына келтіру-тазарту жұмысын жүргіздік. Оған қоса, екі тарап бірлесіп жазған қазба есептері дайындалуда, Ақышев мырзаның атақты «Курган Иссык» еңбегі қытай тіліне аударылды. Орталық Азия археологиясының бұл классикалық туындысы қытай ғылым әлеміне сақ мәдениетін тануға есік ашып отыр», деді ол.

Сақ дәуірінің мәдени мұрасы — Қазақстанның ғана емес, тұтас Еуразияның ежелгі тарихын танудағы аса маңызды дереккөз. 1969–1970 жылдары археолог Кемел Ақышев жетекшілік еткен экспедицияның Есік қорғанынан тапқан әйгілі «Алтын адамы» еліміз археологиясының әлемдік деңгейдегі ең маңызды жаңалықтарының біріне айналды. Сонан бері ғылыми-зерттеулер бір сәт те толастаған емес. Бұл бірегей археологиялық кешен сақ қоғамының әлеуметтік жіктелісі, билік пен мәртебе рәміздері, зергерлік өнері, мифологиялық дүниетанымы және жерлеу ғұрыптары, жазба мәдениеті туралы құнды мәліметтер берді.

«Алтын адамның» киіміндегі алтын әшекейлер мен бейнелер – ежелгі қоғамның дүниетанымын, билік идеологиясын, табиғат пен адам арасындағы қатынастарды бейнелейтін күрделі символдық жүйенің көрінісі екені аян. Әсіресе сақтардың аң стиліндегі өнерін, жерлеу дәстүрлерін, қаружарақ үлгілерін және ат әбзелдерін Орталық Азия, Алтай, Оңтүстік Сібір мен Қытайдың солтүстік-батыс аймақтарындағы археологиялық материалдармен салыстыру ежелгі мәдениеттер арасындағы байланыстарды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл мәдени ықпалдастықты бір өркениеттің екіншісіне біржақты әсері ретінде ғана емес, идеялардың, технологиялардың, көркемдік бейнелер мен дүниетанымдық түсініктердің өзара алмасуы ретінде қарастыру маңызды» деді Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры Болат Тілеп.

Спикер қазіргі археология тек қазба жұмыстарымен немесе көне заттарды сипаттаумен шектелетін ғылым емесін айтады. Бүгінде бұл сала археогенетика, физикалық антропология, палеогеномика, геоақпараттық жүйелер, цифрлық картография, үшөлшемді модельдеу және мәдени мұраны виртуалды реконструкциялау сияқты жаңа ғылыми бағыттармен тығыз ықпалдасып отыр. Ал Есік қорғанынан табылған жазу таңбалары Еуразиядағы ежелгі жазу жүйелері мен мәдени коммуникация мәселелерін зерттеудің маңызды әрі әлі де ғылыми пікірталас тудырып отырған бағыты болып қала береді.

Ғылыми-практикалық конференцияда әзербайжандық ғалым Фирудин Джалилов Есік жазуының тіліне тоқталса, Қытай зерттеушісі Дин Янь қытай жазба деректеріндегі үйсіндер туралы алғашқы зерттеулерді қарастырды. Түркістандық ғалым Бекжан Орынбай Есік жазуының тарихи және картографиялық маңызы жөніндегі ғылыми пайымдарын ұсынды. Ал белгілі реставратор Қырым Алтынбеков «Алтын адам» бейнесін қайта жаңғырту жұмысының ерекшелігі мен оның қазіргі қоғамдағы мәдени ықпалы туралы сөз қозғады.

АЛМАТЫ

ТЕАТР

Қарағанды шаһарында жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Қарашада өмір тұр...» атты әдеби-сазды кеш биыл өлеңсүйер қауымды театрландырылған форматымен таңғалдырды. Жазушылар одағы облыстық филиалының басшысы, ақын Жанат Жаңқашұлының ұйытқы болуымен және Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен осымен төртінші жыл қатарынан өтіп отырған жыр мерекесі бұл жолы ақындардың ішкі әлемін сахналық шеберлікпен ашты.

Түрлі өнер тоғысқан кеш

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Egemen Qazaqstan»

Кештің шымылдығы Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық театр актерлерінің орындауындағы Жанат Жаңқашұлының өлеңімен түрілді. «Әркімнің тағдырында мөрлі асық бар» деген пәлсапалық терең жолдар оқылып жатқан сәтте, кештің бас кейіпкеріне айналар сегіз ақын сахнаға көтеріліп, арнайы дорбаға өздерінің тағдыр-асықтарын салып кетті.

Бұдан кейін актерлер: «Иіріледі асығым шыр айнала, Тағдырымды біледі Құдай ғана», деп өлеңдетіп, дорбадағы асықты суыруды көрерменнің еншісіне ұсынды. Иә, бұл кеште кімнің бірінші, кімнің соңғы шығатыны алдын ала белгіленбеген еді. Барлығын көрермен таңдаған асық шешті.

Сәкен театрының режиссері Айдын Салбанның бұл ұтқыр шешімі кеш көрігін қыздыра түсті. Кезек күткен ақындардың қайсысының асығы қолға түссе, сол қаламгер сахнаға шығып, көрерменнің көз алдында өзіне дайындалған образдың киімін киіп, сол жерде грим жасады. Осылайша, сегіз ақын – Сұлтан Дәулетхан, Ерғанат Кеңесбекұлы, Жәлел Шалқар, Айнұр Жаппарқұлова, Салтанат Смағұл, Салтанат Қайырбек, Таңсәуле Әген, Нұрасыл Аманжол қағаз бен қаламды ғана емес, сахнаның сықырын да меңгеріп, бір-бір әртіс ретінде образға ене кетті. Олар өз өлеңдерін оқып қана қоймай, шағын драмалық қойылым сахналады.

Өлең мен өнер тоғысқан кеште ақындар өз туындыларымен қоса, лирикалық әндерін әуелете шырқап, кештің ажарын одан әрі нұрландырса, кейбір шығармаларды кәсіби әншілер нақышына келтіре орындады. Ал рухани кештің тамырын дөп басқан «Тәттімбәнд» ансамблі сызылта күй тартып, әдеби-сазды жиынның мазмұнын байыта түсті. Көрермен қауымды ыстық ықыласқа бөледі.

Көпшіліктің көзайымына айналған сол бейнелердің бірін сомдаған ақын Жәлел Шалқар сахна тілінің құдіретіне қайран қалғанын жасырмады. Шығармашылық кеште бәрінен баз кешкен, дүние кезген мұңлық ақынның рөліне енген ол сахналық қойылымның әсерімен былайша бөлісті:

– Шыны керек, біз өлеңді сахна талабына сай, нақышына келтіріп оқи алмайды екенбіз. Сахна тілі – мүлде бөлек әлем. Тіпті, өлеңді жазудан гөрі, оны сахна тілімен көрерменге жеткізу әлдеқайда қиын екеніне көзім жетті. «Армансыз жанар көрдім...» деген өлеңімді оқимын да, қалтамнан умаждалған қағаз алып шығамын. Онда балқаштық композитор Наурызбай Бейсеев ән жазған «Хабарлама» атты өлеңім жазылған. Сол умаждалған қағазды ұстаған күйі жүрегімді басып, ентігіп қаламын. Осы сәтте С.Сейфуллин атындағы театрдың белді әртісі, «MuzArt live» жобасының финалисі Айдос Нұрмағанбет келіп, мені сүйеп, өлеңді аманаттап алады. Ол шығарманы «Тәттімбәнд» ансамблінің сүйемелдеуімен жанды дауыста шырқағанда, ерекше күйге бөленесің.

Сондай-ақ ақын бұл қойылымның сәтті шығуы – өз ісінің шебері, режиссер Айдын Салбанның еңбегі екенін ерекше атап өтіп, өнер адамдары арасындағы шығармашылық одақтың маңызына тоқталды.

Осындай түрлі өнердің тоғысынан туған кештің түйіні де ерекше болды. Соңында сегіз ақын сахна төріне қайта шығып, Абай



атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Серік Ақсұңқарұлының өлеңін оқып, күзгі жыр мерекесінің нүктесін қойды. Ал әнші Айдос Нұрмағанбеттің орындауындағы «Күрең күз» әні сахна шымылдығы жабылғанша көрерменнің көңілін тербеді.

Кештен алған әсерімен бөліскен облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Алма Шалабаева:

– Залға кіре сала күздің қоңыр салқын, бірақ жанға жайлы лебі сезілді. Сахна төріндегі сарғайған жапырақтар мен ескі кітаптар, экрандағы жаңбыр тамшылаған терезе мен буы бұрқыраған ыстық шайдың көрінісі – бәрібәрі керемет үйлесім тапты. Кеш шымылдығы түрілген сәттен жанды музыка ойнап, ақындар кезек-кезек шығып жырларын оқыды. Бірі ерекше әсер сыйласа, екіншісі терең ойға батырды, енді бірі көңілді босатып, тебірентті. Бұл кеш қоңыр күздің бойындағы жасырын жылылықты аша түсті, – деп ағынан жарылды.

Қарағанды облысы

«Жібек жолындағы» жүйелі жұмыс

Кейінгі жылдары облыс орталығының аумағы айтарлықтай кеңейді. Көршілес Байзақ пен Жамбыл аудандарынан бірнеше елді мекен облыс орталығының қатарына қосылып, шаһар халқының саны жарты миллионға жуықтады. Қала басшысы Бақытжан Орынбековтің айтуынша, Таразда жаңа екі ауданның құрылуы арқасында орталықтағы жұмысты жүйелеу жеңілдеп, халыққа көрсетілетін қызмет тиімді ұйымдастырылып жатыр. «Жібек жолы» мен «Әулиеата» аудандары әкімдерінің алдына қойылған маңызды міндет аз емес.









Табиғат МҰСЫЛМАНҚҰЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Расында, екі ауданда атқарылатын жұмыс аз емес. Өңір басшысы Ербол Қарашөкеев те мұндағы қолға алынған ауқымды жобаларды назардан тыс қалдырып отырған жоқ. Екі жылға жуық уақыт бұрын шекарасы бекітілген «Жібек жолы» ауданында қазір қандай жобалар іске асырылып жатыр? Инфрақұрылымды дамыту мәселесі қай деңгейде шешімін тапты? Осы және өзге де сауалдардың түйінін тарқатып көрсек.

Аудан әкімі Қарлығаш Аралбекованың айтуынша, «Жібек жолы» ауданы халқының саны 243 487 адамға жеткен көрінеді. Жалпақтөбе, Сұлутөр, Түрксіб, Ақбұлым секілді өзге де елді мекендерде 29 615 тұрғын қоныстанған. Ауданда 5 аумақтық округ, 11 шағын аудан, 201 көпқабатты үй, 29 саяжай алабы, 12 тұрғын алабы бар екен. Бір сөзбен айтқанда, жаңадан құрылған аудан халқының сұранысы аз емес.

«Аудан аумағында 1 073 көше жолы бар. Оның 674-і асфальтталған. 309-ы шағал тас жолмен қамтылған. Осы жылы ұзындығы 3,9 шақырым болатын 6 көшеге орташа жөндеу жұмысы жүргізіліп, оған 101,2 млн теңге шамасында қаражат жұмсалды. Сонымен қатар 32 көше мен бұрылыста шұңқырларды бітеу жұмысы атқарылды. 2027 жылы тұрғындардың өтініші негізінде 22 көшеге орташа жөндеу жұмысын жүргізу жоспарланып отыр. Жалпы алғанда бұл бағыттағы жұмыс үздіксіз жалғасады. Аудан көшелерінің жолдарын қалпына келтіру бойынша нақты жоспарымыз бар. Жұмысты сол жоспарды негізге ала отырып атқарамыз.

Бұдан бөлек, құны 577 млн теңгені құрайтын жөндеу жұмысының жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп, бюджеттік өтінім ұсынылды. Көшелерді жөндеудің 5 жылдық жоспары түзіліп, бірінші кезекте мектептер мен әлеуметтік нысандар маңындағы жолдарға басымдық берілгенін айта кеткен ләзім», дейді аудан басшысы Қарлығаш Аралбекова атқарылған жұмыс туралы.

Қала тұрғындарын, оның ішінде жаңадан құрылған екі аудан халқын толғандыратын басты мәселенің бірі – көше жолдары. Кейінгі бірнеше жылдың бедерінде облыс орталығында көптеген көшеге жаңа асфальт төселгенін көз көрді. Бұл жұмыстың алдағы уақытта да тоқтаусыз жалғасатыны көңіл тоғайтады.

Аудан әкімі келтірген дерекке жүгінсек, көшелерді жарықтандыру жұмысы да жергілікті атқарушы билік өкілдерінің назарынан тыс қалмаған секілді. Осы жылы 22 көшеге жарықтандыру желілері жүргізілген. Жобаның жалпы ұзындығы – 22,898 шақырым. Қалған елді мекендерде бұл жұмыс кезең-кезеңімен жалғаспақ.

«Жібек жолы» ауданында жергілікті жастарды бұқаралық спортпен қамту бағытында да ауқымды жұмыс атқарылып жатқаны мәлім. Жергілікті атқарушы билік өкілдерінің айтуынша, нысандар халық сұранысына сай бой көтерген.

«Мемлекет басшысының өзі бұқаралық спортты өркендетуге басымдық беріп отырғаны мәлім. Ауданымызда 81 балалар ойын алаңы, 35 футбол алаңы, 1 воркаут алаңы бар. Биыл 10 нысан жөнделіп, жарықтандырылып, толық қалпына келтірілді. Сонымен қатар аудан әкімдігі тарапынан 8 ойын алаңын салуға қомақты қаражат бөлініп, жұмыс толық орындалды. Үнемделген 14 млн теңге есебінен Қазарма және Сұлутөр алаптарында қосымша 2 ойын алаңы салынғанын айта кеткен жөн. Бұл бағыттағы жұмыс та алдағы уақытта жалғасатын болады», дейді Қ.Аралбекова.

Тараз қаласының аумағы бірнеше ауылдың қосылуы салдарынан кеңейгені белгілі. Сондықтан жаңадан қосылған аумақтарды сапалы ауызсумен қамтамасыз етудің маңызы зор. Жергілікті атқарушы билік өкілдері дәл қазір осы мәселені біржақты етуге барынша күш салып отыр. Қолға алған жобалар да баршылық.

Мәселен, «Талас» жобасы арқылы 11,8 шақырымға су құбырын жүргізу көзделген. Сол арқылы 274 ауланы немесе 1 370 тұрғынды сапалы ауызсумен қамтуға мүмкіндік тумақ. Ал «Дорожник» жобасын іске асыру арқылы 5,5 шақырым құбыр тартылады. Нәтижесінде, 150 ауладағы 750 тұрғын ауызсумен қамтылады.

Аудан басшылығы тозығы жеткен желілерді жаңарту жұмысына да айрықша ден қойып отыр. Мәселен, Сорокин көшесіндегі 5,6 шақырым, Целиноградская және Шалғай Қарасу көшелеріндегі 4,2 шақырым құбырды ауыстыруға жергілікті бюджеттен тиісті қаражат қарастырылып, жұмыс толық орындалыпты. Бұдан бөлек, халықты қоғамдық көлікпен қамту жұмысы да жолға қойылғаны анық.

«Қоғамдық көлік қатынасын жақсарту жұмысы ілкі сәтке де тоқтаған емес. Бұл шаруаны облыс және қала басшысы тікелей бақылауға алған. Нақтырақ айтсақ, Ақбұлым тұрғын алабына арнайы №31 бағытта автобус қатынайтын болды. Сондай-ақ Түрксіб ауылына жүретін №37 бағыт автобустары жаңартылды.

Осы жылдың сәуір айынан бастап бұл бағыттағы қоғамдық көліктер Кемел тұрғын алабына да қатынай бастады. Осылайша, жергілікті жұрттың тілегі орындалды. Бүгінге дейін аудан аумағында 327 аялдама бар болатын. Оған қосымша 76 аялдама орнатылғанын біреу білсе, біреу біле бермес», дейді Қ.Аралбекова.

Жергілікті атқарушы билік өкілдері келтірген мәліметке сүйенсек, аудан аумағында 94 білім, 35 денсаулық сақтау мекемесі, бірнеше мәдениет ошағы, 7 кітапхана, жүзден астам спорт нысаны халыққа қызмет көрсетіп тұр. Сондай-ақ 14 мемлекеттік балабақша, 9 шағын орталық пен 31 жекеменшік балабақша бар екен.

«Ауданда спорт, мәдениет, білім саласын дамытуға барынша күш салып жатырмыз. Біршама уақыт бұрын «Сұлутөр» тұрғын алабында жалпы аумағы 320 шаршы метрді құрайтын заманауи кітапхана ашылды. Құмшағал тұрғын алабы тұрғындарының тілегі ескеріліп, жаңа дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді.

Бізде қазіргі уақытта 142 спорт нысаны жұмыс істеп тұр. Атакент аумағында жалпы құны 6,3 млрд теңгені құрайтын инклюзивті спорт орталығының құрылысы жоспарланған болатын. Оған 1,4 гектар жер қарастырылғанын жергілікті жұрт жақсы біледі. Жалпы аумағы 3 600 шаршы метрді құрайтын ірі нысан алдағы жылы пайдалануға беріледі», дейді аудан басшысы.

Қ.Аралбекованың айтуынша, алдағы жылдары Қызылабад халқының өтініші де орындалады. Бұған дейін қызылабадтықтар жаңа білім ошағы керек деп өзекті мәселені талай рет көтерген еді. Депутаттар да халық үнін билікке жеткізіп жүретін. Енді жергілікті халық сан мәрте көтерген мәселе оңынан шешімін тауып жатқаны көңіл тоғайтады.

Бүйырса, алдағы жылы Қызылабад тұрғын алабында 300 орындық жаңа мектеп салынады. Сондай-ақ Шаңырақ тұрғын алабында 600 орындық білім ұясы бой көтереді. Бұдан бөлек, 5 мектепке күрделі жөндеу жұмысы жүргізіледі. Жалпы алғанда, аудандағы барлық білім ошағы 100 пайыз бейнебақылау камерасымен қамтылыпты.

Ресми дерекке жүгінсек, жаңадан құрылған ауданда қазіргі уақытта 499 шаруа қожалығы жұмыс істейтін көрінеді. Күзгі дала жұмысына 69 трактор, одан басқа 87 техника жұмылдырылыпты. Биыл 72,73 мың тонна өнім жиналған. Сондай-ақ 2 360 гектар алқаптан 88 161 тонна өнім алыныпты, одан бөлек 45 346 тонна мал азығы дайындалған. Сонымен қатар 50 тонна жем әзірленген. Аудандағы 39 көкөніс сақтау қоймасында 42,8 мың тонна пияз, 6,0 мың тонна картоп сақтаулы тұр. Сәбіз бен пияз сақтауға арналған 25,6 мың тонна бос орын бар.

«Жергілікті жұрт мемлекеттік қолдауды айқын сезініп отыр. Соның арқасында «ҚазАгроФинанс» арқылы 3 шаруа қожалығы қажетті техникамен қамтылды. Сондай-ақ бір шаруа қожалығы тамшылатып суару технологиясын енгізіп отыр.

Ауданда жалпы құны 14 млрд теңгеден асатын 7 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Бұл жұмыстың барлығы өңір басшысы Ербол Қарашөкеев пен қала әкімі Бақытжан Орынбековтің назарынан тыс қалған емес. Атқарылған нақты жұмыстың нәтижесінде 540 тұрақты жұмыс орны құрылғанын айта кеткен жөн.

Негізгі жобалардың қатарына құны 12,4 млрд теңгені құрайтын «Тараз қант зауыты», «Ағали» тігін өндірісі, «Zerbulak» қонақүйі, «Астана-POLYTECH» құбыр зауыты, «Dentex» тіс емханасы, «Тараз жаңа технологиялар» темір өңдеу цехы және «Кезер» тігін фабрикасын қосуға болады. «Қант зауыты» 25 қазанда іске қосылды. Жалпы 200–250 мың тонна қызылша қабылдау көзделген», дейді аудан басшысы.

Қалай десек те, облыс орталығында жаңадан құрылған екі ауданда ауқымды жобалар қолға алынғаны анық. Жергілікті атқарушы билік өкілдері де жаңа аудандарды жан-жақты дамытуға айрықша басымдық беріп отыр.

ТАРАЗ

БӘРЕКЕЛДІ!


Түгіскен – «Үздік ауыл»

Ұлытау облысына қарасты Жаңаарқа ауданының Түгіскен ауылы «Үздік ауыл – 2026» республикалық байқауының бас жүлдесін жеңіп алып, 10 млн теңге ақшалай сыйлыққа ие болды.

Жұлдыз ТОЙБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

«Ауыл» телеарнасының ұйымдастыруымен өткен республикалық додада Ұлытау облысынан қатысқан Түгіскен ауылы үздік деп танылды. Байқаудың мақсаты – ауылдардың әлеуетін таныту, жетістіктерін насихаттау, тұрғындардың бірлігі мен туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру.

Байқауға еліміздің 17 облысынан іріктелген 17 ауыл қатысып, соның ішінен жоғары қолдау жинаған 10 ауыл финалдық кезеңге жолдама алды.




Соңғы сайыс осы жылдың 31 қазанында Алматы қаласында ұйымдастырылды. Шешуші додада қазылар алқасының жоғары бағалауымен Түгіскен ауылы 25 ұпай жинап, қарсыластарынан оқ бойы озық шықты. Бұл жетістік – ауыл тұрғындарының бірлігі мен ынтымағының, туған жерді дамытуға бағытталған ортақ еңбегінің нәтижесі.

Жаңаарқа ауданы әкімдігінің мәлімдеуінше, республикалық байқаудағы жеңіс ауылдың дамуына үлес қосып жүрген тұрғындар мен жергілікті қауымдастық үшін маңызды оқиға болды. Мұндай байқаулар ауылдық елді мекендердің әлеуетін танытуға, ауыл өміріндегі оң тәжірибелерді насихаттауға, тұрғындардың қоғамдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Ұлытау облысы

Представительство ТОО «Агентство «ГЕПАРД» в Мангистауской области, БИН: 260442033003, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение 2-х месяцев со дня опубликования данного объявления по адресу: г.Алматы, ул.Н.Назарбаева, 50, тел.: 8 701 765 78 35.

Представительство ТОО «Агентство «Гепард» по Атырауской области, БИН: 260442021397, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение 2-х месяцев со дня опубликования данного объявления по адресу: г.Алматы, ул. Н. Назарбаева, 50, тел.: 8 701 765 78 35.



«Қазақ газеттері» серіктестігінің ұжымы «Egemen Qazaqstan» газетінің ардагер тілшісі Оңдасын Елубайға інісі
Берікбол Ильясұлы ЕЛЕУБАЕВТЫҢ
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

БАЙҚАУ

Дүлдүл мұрасы дәріптелді

Күй атасы Құрманғазы Сағырбайұлының көзін көріп, дәрісін алған күйшілер көп емес. Соның бірі – Дина Нұрпейісова. Атырауда саңлақ күйшінің туғанына 165 жыл толуына орай ұйымдастырылған қыз-келіншектер арасында «Бұлбұл домбыра» республикалық домбырашылар байқауы өтті.



Жолдасбек КӨШЕРБАЙҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Қазақтың киелі домбырасын бұлбұлдай сайратқан күй анасының жолын жалғаған домбыршылардың бастауында тұрған Айгүл Үлкенбаеваның айтуынша, бұл байқау бірнеше мақсатты көздейді. Біріншіден, дәстүрлі күйшілік өнерді дәріптеуді жалғастыруды мақсат еткен. Екіншіден, ұлы күйшінің шығармашылық мұрасын насихаттауға мән беріліп отыр. Үшіншіден, домбырашы қыз-келіншектердің орындаушылық шеберлігін шыңдауға ықпал етеді.

«Дина анамыздың күй тарту мәнері өзгеше ғой. Бір өзі – бір мектеп. Төл шығармаларын орындайтын домбырашылар бар да есімі ұмытылмайды. Мұны байқауда өнер көрсеткен күйшілердің шеберлігінен байқадық. Олар еліміздің әр өңірінен қатысты», дейді А.Үлкенбаева.

Қазылар алқасының шешімімен байқаудың 700 мың теңгелік бірінші жүлдесі жергілікті домбырашы Назерке Базарбаеваға берілді. Ал екінші орынға Іңкәр Күзембай мен Сара Қамбарова лайық деп танылды. Олардың әрқайсысы 500 мың теңгеден қаржылай сыйақыға ие болды.

Үшінші жүлдені (300 мың теңге) Айымгүл Саматқызы иеленді. Құрманғазы атындағы Орал музыка колледжінің 3-курс студенті Руслана Ешмұқан арнайы жүлдені місе тұтты.

Атырау облысы

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ



Жезқазғандағы жаңа мешіт

Салтанатты іс-шараға Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС бақылау кеңесінің төрағасы Нұрмұхамбет Әбдібеков, корпорацияның басқарма төрағасы Руслан Өскенәлі, Ұлытау облысының құрметті азаматтары, өңір ақсақалдары, мердігер ұйымдардың өкілдері қатысты.

Жұлдыз ТОЙБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

Жаңа діни нысан «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-нің қаржылық қолдауымен салынды. Бас мердігер – «Integra Construction» ЖШС. Мешіт құрылысы 2025 жылы басталды. Сол жылдың шілде айында бас мүфтидің қатысуымен ғимараттың іргетасын қалау рәсімі өтті.

Үш мың адамға арналған мешіт Жезқазған қаласының орталығында орналасқан. Мұнда құлшылық етуге, діни-ағартушылық іс-шаралар мен рухани-мәдени кездесулер өткізуге қажетті жағдай жасалған. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы төралқасының шешімімен жаңа діни нысанға ресми түрде «Ұлытау облысының орталық мешіті» атауы берілді.

Осыған дейін де компания Ұлытау облысының әкімдігімен жасалған меморандум аясында бірқатар әлеуметтік, инфрақұрылымдық бастаманы жүзеге асыруға қатысты.

Ұлытау облысы

ЕРМЕК СЕРКЕБАЕВ – 100

Күміс көмей әншіге құрмет

Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында Ермек Серкебаевтың 100 жылдығына арналған фестиваль өтті.

Айнаш ЕСАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

Айтулы мерекелік іс-шаралар үшін бекзат өнердің осынау байырғы шаңырағы таңдап алынуы бекер емес, өйткені тұғыры биік тұлғаның сахнадағы жарты ғасырлық жолын Абай атындағы опера театрынан бөліп қарауға болмайды. Дәл осы сахнада оның ұмытылмас опералық бейнелері сомдалды. Қазақ музыка өнерінің алтын қорына енген әйгілі партиялар да осында шырқалды.

Фестиваль ұлы әншінің өнердегі дара жолын дәріптей отырып, Джоаккино Россинидің «Севильдік шаштараз» операсымен ашылды. Қойылымдағы Фигаро партиясын орындау арқылы Ермек Серкебаев сахнада жарқырап, «КСРО-ның үздік Фигаросы» атанған еді.

Келесі күндері көрермен назарына Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің ұлттық опера өнерінің жауһарына айналған «Абай» операсы ұсынылса, бұл қойылымда да әйгілі баритон Абай Құнанбайұлының ұмытылмас бейнесін сомдаған. Зал толы көрерменнің қошеметі мен ықыласы Ермек Серкебаевтың өнері мен шығармашылық мұрасына деген құрметті әйгілей



отырып, үлкен концертпен қорытындыланды.


Дирижерлік тұғырда Татарстан Республикасының халық әртісі, Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Ренат Салаватов және театрдың бас дирижері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұржан Байбосынов өнер көрсетті.


Құрметті қонақтар қатарынан маэстроның ет-жақындары мен көзкөргендер орын алып, театр фойесінде әншінің қызы Ирина Серкебаеваның әкесінің өмірі мен шығармашылығына арналған «И жизнь, и молодость, и счастье…» кітабының екінші басылымы таныстырылды.

АЛМАТЫ

ДОДА

Дакарда дараланғандар





Сенегал астанасы Дакарда жасөспірімдердің IV жазғы Олимпиадасы мәресіне жетті. Төрт жылда бір өтетін дүбірлі додада отандастарымыз 2 алтын, 3 күміс, 3 қола медаль жеңіп алды. Бұл жетістік ел спортында болашағынан зор үміт күттіретін жаңа буын қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.


Дакар төрінде дараланған жас спортшылардың алдағы уақытта ересектер арасындағы ірі жарыстарда да ел намысын абыроймен қорғайтынына сенім мол. Олардың арасынан 2028 жылы Лос-Анджелесте, 2032 жылы Брисбенде өтетін жазғы Олимпия ойындарының жүлдегерлері шығуы әбден мүмкін.

Он күннен астам уақытқа созылған дүбірлі додада алғашқы алтын медальды дзюдошы Фатима Сұпығалиева (52 кг) жеңіп алды. Оралдық жас балуан қарсыластарының бәрін айқын басымдықпен ұтып, өз салмағында үздік екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Ол биыл жаздың соңында өткен әлем чемпионатында да топ жарып, ел мерейін асырған еді. Екінші алтынды Алматы облысы Талғар ауданының тумасы Әнел Ташбай тас жолдағы велоспорт бәсекесінде олжалады.

Бокстан ерлер арасында 70 кг салмақта сынға түскен Бибарыс Әшірбай финалда қарсыласына есе жіберіп, күміс жүлдегер атанды. Ол қазан айында 19 жасқа дейінгі боксшылар арасындағы әлем чемпионатында да күміс медаль жеңіп алған болатын. Қыздар бәсекесінде Ақнұр Тұрсынғали (57 кг) да күміс жүлдеге қол жеткізді. Ал ұлттық құраманың үшінші күміс медалін семсерлесуші Айбар Қайым еншіледі.

Қола жүлделер де қоржынымызды толықтырды. Боксшы Марал Төлепберген (54 кг), триатлоншы Рамазан Әйнегов, таеквондошы Любовь Юн (63 кг) үздік үштіктен көрінді.

Дакардағы Олимпиадада Қазақстан намысын 11 спорт түрінен 18 спортшы қорғады. Жас өрендеріміз сегіз медаль жеңіп алып, ел спортының әлеуетін тағы бір мәрте танытты. Ендігі міндет – осы өрендердің шеберлігін шыңдап, үлкен спорттағы биік белестерге жетелеу. Өйткені бүгінгі жасөспірімдер Олимпиадасының жүлдегерлері – ертеңгі ұлттық құраманың негізгі тірегі.



● Замбия астанасы Лусака қаласында бадминтоннан халықаралық турнир өтті. Ел намысын қорғаған Дмитрий Панарин іріктеу кезеңінен сүрінбей өтіп, финалға дейін жетті. Алайда шешуші кездесуде үндістандық Манав Чоудхариге есе жіберіп, күміс жүлдеге ие болды. Ал турнирдің қола медальдарын Біріккен Араб Әмірліктерінің өкілдері Бхарат Латиш пен Дев Вишну еншіледі.

● Хорватия астанасы Загребте өткен Zagreb Croatia Open халықаралық турнирінде отандық жас таеквондошылар үш медаль жеңіп алды. G1 санатындағы жарыста Нұрай Амангелді (59 кг) финалда хорватиялық Сара Рогинді жеңіп, алтыннан алқа тақты. Балкерім Өтеген (68 кг) де қарсыластарынан басым түсіп, шешуші жекпе-жекте франциялық Сейни Сананы ұтты. Ал Сабина Тұртұлова (+68 кг) финалға дейін сүрінбей жеткенімен, алтын медаль үшін өткен кездесуде хорватиялық Сара Жижичке есе жіберіп, күміс жүлдені қанағат тұтты.

● Оңтүстік Корея астанасы Сеул қаласында шорт-тректен әлемдік турдың үшінші кезеңі өтеді. Байрақты бәсекеде Қазақстан құрамасының намысын Мақсат Уәлиулла, Павел Цой, Әлішер Әбілқатымов, Санжар Жанысов, Давид Нашаев, Дамир Құрманов қорғайды. Ұлттық құрама спортшылары әлемнің үздік шорт-трекшілерімен сынға түсіп, жүлделі орындар үшін таласады.

● Футболдан Қазақстан ұлттық құрамасы УЕФА Ұлттар лигасының топтық кезеңін аяқтады. С дивизионындағы соңғы кездесуін өз алаңында өткізген жерлестеріміз Словакия құрамасымен тең түсті. Тартысты өткен матчтың 29-минутында Ғалымжан Кенжебектің дәл пасын Ислам Чесноков голға айналдырып, есеп ашты. Алайда 56-минутта қонақтар сапындағы Роберт Боженик қарымта гол соғып, таразы басын теңестірді. Араға он минут салып, Ян Вороговский қарсылас қақпасын дәл көздеп, Қазақстан құрамасын қайта алға шығарды. Джон ван'т Схип жаттықтыратын жерлестеріміз негізгі уақыт аяқталғанша басымдықты сақтап тұрды. Дегенмен төреші қосқан қосымша уақыттың бесінші минутында словакиялық Адриан Капралик есепті теңестіріп, алаң иелерінің жеңісті қолдан шығаруына себеп болды. Осылайша, ұлттық құрама алты кездесудің үшеуінде жеңіліп, үшеуінде тең түсіп, топтық кезеңді 3 ұпаймен аяқтады. Ал 12 ұпай жинаған Словакия құрамасы келесі дивизионға жолдама алды. Сегіз ұпай еншілеген Фарер аралдары плей-офф кезеңінде бақ сынайды. Қазақстан құрамасы 6 ұпай жинаған Молдовадан да кейін қалып, топтың соңғы сатысына тұрақтады.



● Әлихан Мәулет батуттағы гимнастикадан әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанды. Қытайдың Нанкин қаласында өткен дүбірлі додада отандасымыз 17-21 жас аралығындағы спортшылар арасында бақ сынады. Шағын қос батуттағы жаттығуларын жоғары деңгейде орындаған Әлихан төрешілердің бағалауымен екінші орынды иеленді. Әлем чемпионы атағын ресейлік Лев Бусарев жеңіп алса, қола медаль американдық Кейсен Маагтың еншісіне тиді.

Дайындаған –
Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

EGEMEN QAZAQSTAN
Жалпыұлттық республикалық газет. 1919 жылдың 17 желтоқсанынан шығады

МЕНШІК ИЕСІ: «Қазақ газеттері» ЖШС

Бас директор Ержан БАЙТІЛЕС

Бас директордың орынбасары Виктор ПРЯНИКОВ

Бас директордың орынбасары Қуат ӘУЕСБАЙ

Бас директордың орынбасары Бағашар ТҰРСЫНБАЙҰЛЫ

Бас редактор Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ

Бас редактордың орынбасарлары Бану ӘДІЛЖАН, Амангелді ҚИЯС

Шеф редактор Талғат БАТЫРХАН

Жауапты хатшы Орынбек ӨТЕМҰРАТ

Интернет-редакция жетекшісі Абай АЙМАҒАМБЕТ

Бөлім меңгерушілері

Саясат және құқық Ескендір ЗҰЛҚАРНАЙ

Экономика және өндіріс Қымбат ТОҚТАМҰРАТ

Білім және ғылым Азамат ЕСЕНЖОЛ

Мәдениет және әдебиет Жәнібек ӘЛИМАН

Әлеумет және спорт Жомарт ОСПАН

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Абай облысы – Бақытбек Қадыр	тел.: 8 7056450424
Алматы облысы – Ұлбосын Исабек	тел.: 8 7471835704
Ақмола облысы – Байқал Байәділ	тел.: 8 7759549863
Атырау облысы – Жолдасбек Көшербайұлы	тел.: 8 7760068003
Ақтөбе облысы – Баян Қуандықызы	тел.: 8 7014890223
Батыс Қазақстан облысы – Қазбек Құттымұратұлы	тел.: 8 7475011901
Жамбыл облысы – Табиғат Мұсылманқұл	тел.: 8 7755342262
Жетісу облысы – Мұхтар Күмісбек	тел.: 8 7753010129
Қарағанды облысы – Қасымхан Ғалым	тел.: 8 7785829696
Қостанай облысы – Нұрқанат Құлабай	тел.: 8 7775800024
Қызылорда облысы – Мұрат Жетпісбай	тел.: 8 7018598809
Маңғыстау облысы – Ғұлайым Дәуітбай	тел.: 8 7020071776
Павлодар облысы – Мұрат Қапанұлы	тел.: 8 7051528557
Солтүстік Қазақстан облысы – Есбол Нұрахмет	тел.: 8 7016235005
Түркістан облысы – Ғалымжан Елшібай	тел.: 8 7026089198
Шығыс Қазақстан облысы – Мерей Қайнарұлы	тел.: 8 7056238817
Шымкент қаласы – Әнуар Жұмашбай	тел.: 8 7763266898
Ұлытау облысы – Жұлдыз Тойбек	тел.: 8 7756688366

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010008 АСТАНА, «Егемен Қазақстан» газеті» көшесі, 5/13
050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а
АНЫҚТАМА ҮШІН:
Астана: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87;
Электронды пошта: info@egemen.kz
Интернет-редакция: portal@egemen.kz
Алматыда: 8 (727) 273-07-87,
факс 8 (727) 273-07-87;
Электронды пошта: almaty@kazgazeta.kz
МАРКЕТИНГ БӨЛІМІ:
8 (7172) 37-60-49, 37-64-48,
egemen_adv@mail.ru

Индекс **65392.** Аптасына **5** рет шығады
«Қазақ газеттері» ЖШС компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Көлемі 4 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді.
«Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газетті қайта есепке қою туралы
№KZ21VPY00062701 куәлікті 2023 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті берген.
«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық республикалық газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009
Сапа менеджменті жүйесі талаптарына сәйкес сертификатталған.

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: **1499 («Қазпошта» АҚ)**

ТАРАЛЫМЫ 50 004 дана

ISSN 1999-9720

Нөмірдің кезекші редакторы Жасұлан СЕЙІЛХАН